Сыр бойы

№188-189
(20662-20663)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

9 желтоқсан, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ФОРУМ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Болашақ» халықаралық стипендиясының 30 жылдығына арналған салтанатты форум қатысушыларына құттықтау хатын жолдады.

«Құрметті Форумға қатысушылар! Барша ңызды «Болашақ» халықаралық стипендиясының белгіленгеніне 30 жыл толуымен құттықтаймын! Бұл – Қазақстанның әр түкпіріндегі дарынды жастарға жол ашқан теңдессіз бағдарламаның мерейлі белесі. Осы бірегей жоба мемлекетімізде озық ойлы әрі білікті кадрлар резервін қалыптастыруға зор септігін тигізді. «Болашақ» бағдарламасының мыңдаған түлегі бүгінде түрлі саладағы оң өзгерістің жаршысы болып, еліміздің игілігі үшін табысты еңбек етіп жүр.

Қазір Қазақстанды өркендете түсу үшін тың серпіліс қажет. Біздің алдымызда ел экономикасының құрылымын қайта түзу, саяси жүйені одан әрі жаңғырту және шын мәнінде әділетті әрі инклюзивті қоғам қалыптастыру сияқты ауқымды міндеттер тұр. Осы орайда білім беру саласына инвестиция салу және азаматтардың өз әлеуетін толық пайдалануына мүмкіндік жасау өте маңызды. Мемлекет адал азаматқа тән қасиеттерді бойына сіңірген дарынды, еңбекқор, талапты жастарды әрдайым қолдайды.

«Болашақ» бағдарламасының түлектері ғана емес, еліміздегі барлық жас мамандар Қазақстанды жан-жақты жаңғырту жолындағы келелі іске өз үлесін қосады деп сенемін.

Барша ңызға бақ-береке, толағай табыс тілеймін!», – делінген құттықтау хатта.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады.

Президентке елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы туралы баяндалды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа негізгі экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика бар екені жөнінде мәлімет берілді. Биылғы 10 айдың ішінде бір триллион теңгеден астам инвестиция тартылған. Жыл соңына дейін жалпы сомасы 87,7 миллиард теңге болатын 25 инвестициялық жобаны, соның ішінде өңдеу өнеркәсібі саласында 14, білім және медицинаға қатысты 7, логистика бағытында 4 жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Бұл бастамалар 1,4 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысына жылыту маусымының барысы туралы да айтылды. Атап айтқанда, биыл күзде «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциясының, «Тұран» газ жылу станциясының бірінші кезеңінің және үшінші ЖЭО-ның бірінші кезеңінің құрылысы аяқталды. Елорданың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін бұл нысандардың қуаты – сағатына 1140 гигакалория. Қала ұзақ уақыттан бері алғаш рет биылғы жылыту маусымында жылу энергиясына деген сұранысты артығымен қамтамасыз ететін болды.

Келесі жылы «Тельман» газ жылу станциясының бірінші және «Тұран» газ жылу станциясының екінші кезеңі пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр. Бұл нысандар қаланы қосымша 850 Гкал/сағат жылумен қамтуға септігін тигізеді.

Сонымен қатар Жеңіс Қасымбек әлеуметтік нысандар (мектеп, жеңілдікпен берілетін қолжетімді тұрғын үйлер, медициналық орталықтар) салу, құрылысы ұзаққа созылған нысандардың жұмысын аяқтау, апатты жағдайдағы ескі үйлерді сүру, тұрғын үй алаптарын дамыту және басқа да жұмыстар жөнінде баяндады. Атап айтқанда, келесі жылы елордада бес оқушылар сарайының, сондай-ақ мемлекеттік балабақшалардың құрылысы басталады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ОН АЙДЫҢ ОЛЖАСЫ

Айқын мақсаттың нәтижелі көрсеткіші

Бейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астанадағы Орталық коммуникациялар қызметінде баспасөз конференциясын өткізді. Аймақ басшысы осы жылдың 10 ай қорытындысы бойынша өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Мемлекет басшысы тапсырмаларының орындалуы мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында айтарлықтай жетістік бар. Экономикалық дамудың макрокөрсеткіштері бойынша облыста оң динамика қалыптасып, 10 айдың қорытындысымен өңірлер арасында көшбасшылар қатарынан (4-орын) көрініп отыр.

– Жақында облысымызға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев арнайы жұмыс сапарымен келіп, өніріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты. Аймағымыздың дамуына оң бағасын берді. Осы жылдың 10 айында өңдеу өнеркәсібі 24,2 пайызға, ауыл шаруашылығы 2,6 пайызға, құрылыс жұмыстарының көлемі 21,2 пайызға, тұрғын үй 16,7 пайызға, сауда 4,3 пайызға, көлік және қоймалау көлемі 8,8 пайызға, негізгі капиталға тартылған инвестиция 27,7 пайызға артты, жеке инвестициялар 34,6 пайызға өсті», – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы атап өткендей, облыстың бюджеті 609 млрд теңгеге жетті. Өсім 57 пайыз. Облыстың даму бюджетінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 2,5 есеге артқан. Әйтсе де, кейінгі он жылда аймақта мұнай қоры сарқылып, өнеркәсіп өндірісінің көлемі көп жылдар бойы төмендеп келгені жасырын емес. Мысалы, 2012 жылы 11 млн тонна мұнай өндірілсе, биыл 3,5 млн тонна мұнай өндіру күтілуде. Дегенмен, Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауы, облыс басшылығының табанды жұмысының ықпалымен өнеркәсіптің басқа да көздерін дамыту қолға алынды. Соның нәтижесінде өнеркәсіп өндірісінде оң серпін қалыптасты. Өсім 1,3 пайызды құрады.

– Облысымызда алдағы 6 жылда құны 1 трлн 100 млрд теңгені құрайтын 65 жоба жүзеге асады. Тоғыз мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады.

Биыл құны 14 млрд 100 млн теңгені құрайтын 15 жоба іске қосылды. Қабылданған шаралардың негізінде өнеркәсіп құрылымында өңдеу өнеркәсібінің үлесі 30 пайызға ұлғайды.

Былтыр іске қосылған шыны зауыты тұрақты өнім шығарып, өнімнің 70 пайызын ішкі нарыққа, 30 пайызын Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан елдеріне экспорттауда. Зауыттың негізгі қуаттылығы 197 мың тонна. Зауыт іске қосылғаннан бері жобалық қуаттылықтың 85 пайызын игеріп, 167 мың тонна өнім шығарды.

2,3-беттер

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ МАШАҚАТЫ КӨБЕЙДІ

Қарашаның соңында «Каспий құбыр консорциумы» Қазақстан мұнайын тасымалдауды тағы да тоқтатқаны мәлім болды. Ізін ала елдегі барлық ірі мұнай кен орындары «қара алтын» өндірісін жаппай қысқартуға көшті. Өндіріс шамамен екі есе құлдырап, сала бір теңселіп алды. Кірісінің біраз бөлігін мұнайдан табатын мемлекет үшін бұл алаңдатарлық жағдай. Мәселеге қандай фактор әсер етті?

Sb Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

ҚАЗАҚҚА ЖАТ ҚҰБЫР

Қарашада Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев елімізде биыл 10 айда 74,8 миллион тонна мұнай өндірілгенін, ал мұнай өнімдерінің өндірісі 11,2 миллион тоннаға жеткенін жария еткен еді. Сала керемет дамып жатқандай көрінген. Алайда аз уақыттың ішінде проблема көбейді. 27 қарашада «Каспий құбыр консорциумы» қазақстандық мұнайды жаһандық нарықтарға жіберуді тоқтатты. Компания өкілдері бұған күрделі метеоахуалды, Қара теңізде басталған дауылды маусымды сылтау еткен. Оның үстіне компанияның резервуарлық парктері шикізатқа мелдектей толып тұрғаны, салдарынан жаңа жеткізілімдерді қабылдау күрт шектелгенін ескертті.

Мәселенің бәрі сонда басталды, Атырау облысындағы «Теңіз» супергигант мұнай-газ кен орнын игеріп жатқан «Теңізшевройл» бірінші болып мұнай өндірісін кемітетінін жариялады, яғни, мәжбүр болды. Күнделікті өндіріс 43 мың тоннаға кеміді.

«Дауылдарға бола «Каспий құбыр консорциумының» Новороссийск портындағы теңіз терминалынан мұнай артуды тоқтатуына байланысты «Теңізшевройл» компаниясы өндірістік қызметіне түзету енгізетін болады», – деп хабарлады «Теңізшевройл».

7-бет

ӨНЕР КҮНДЕРІ «ЖӘМИЛӘ» ДРАМАСЫМЕН АШЫЛДЫ

Кеше Астанада Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері басталды. Өнер мерекесі Астана қалалық Жастар театры сахнасында Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры қойған «Жәмилә» драмасымен ашылды.

Ш.Айтматовтың бұл драмасында қалыптасқан дәстүр мен өз тағдыр тақтасындағы таңдауға қарсы тұрған жас әйелдің нәзік бетке толы махаббаты бейнеленеді. Жәмиләнің өміріндегі басты сынақ та осы болатын.

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының артистері сахналаған қойылымды зиялы қауым өкілдері бастаған мәртебелі меймандар мен елордалық тұрғындар тамашалады.

Бүгін мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығы аясында Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» спектаклі сахналанбақ. Бұл спектакль Кеңес заманында Халық ағарту комиссары қызметінде жүріп, ұлттың рухын оятуға өлшеусіз үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновтің қиын тағдырын баяндайды.

Мұнан бөлек, бүгін елорда төрінде «Сыр өңірі – Түркі өркениетінің алтын бесігі» атты көрме ашылады. Көрме Сыр өңірінің тарихын баяндайтын 3 бөлімнен тұрады. Ежелгі сақ дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейін аймақтың әлеуметтік-мәдени дамуы мен жетістіктерін суреттейтін көрмеге Сығанақ қалашығынан табылған бірегей археологиялық жәдігерлер және еліміздің тарихына ғылыми жаңалық болып енетін «Шірік-Рабат сақ жауынгері», «Сығанақ ханшайымы» реконструкциялары алғаш рет қойылады.

Сыр өңірінің өнер күндері «Бейбітшілік және келісім сарайында» өтетін Астана қаласының 25 жылдығына арналған «Сұлу Сырдан Ару Астанаға» атты Қызылорда облысы өнер шеберлерінің гала концертімен қорытындыланбақ.

ОН АЙДЫҢ

Айқын мақсаттың

Шыны зауытының аясында шағын және орта кәсіпкерліктің белдеуін дамытуға мүмкіндік мол. Зауыт жанынан құны 130 млрд теңгеден асатын түрлі шыны бұйымдарын шығаратын 8 ілеспе кәсіпорын құрылады.

Келер жылы жылына қосымша 5 млн шаршы метр энергия үнемдейтін шыны өндірісі іске қосылып, шыны бөтелкелер және алғашқы айна зауытының құрылысы басталады. Бұл 3 жобаның жалпы құны 32 млрд 300 млн теңге.

Шыны бөтелкелері жобасын жүзеге асыруға Қазақстан мен Германия мемлекеттері басшыларының қатысуымен өткен бизнес форум аясында қол жеткізілді. Құны 1 млрд теңгені құрайтын әк және құрғақ құрылыс қоспаларын шығару цехы іске қосылады (орналасу орны – Шиелі ауданы). 2024 жылы аймақта құны 27 млрд 100 млн теңгені құрайтын 10 жоба жүзеге асырылады. Бұл 630 жұмыс орны – деді аймақ басшысы.

Қызылорда облысында жақсы өріс алып келетін саланың бірі – кәсіпкерлік. Соның айғағындай, мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 10,3 пайызға артқан. Мұныңыз 70 977 бірлік.

– Биыл кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға әртүрлі көздерден 42 млрд теңге қаржы тартылып, 3,5 мыңнан астам жоба қаржыландырылды. Оның 24 млрд теңгесі мемлекеттік бағдарлама аясында қолдау тапты.

Мемлекеттік қолдау тетігіне қаралған қаржы өткен жылмен салыстырғанда 20 пайызға артық. Қолдау шараларының нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 15,8 пайызға артты (124 376 адам).

Мемлекет басшысының бөлшек салықты енгізу және салықтық ынталандыру шарасын қабылдау бастамасын республика көлемінде алғашқылардың бірі болып Қызылорда облысы орындады. Биыл облыста 35 мың кәсіпкердің мүддесі қамтылған бөлшек салықтың пайыздық мөлшерлемесі 4 пайыздан 2 пайызға төмендетілді. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына 2,5 пайызбен 2 млрд 300 млн теңгеге жеңілдетілген несие табысталды. Өндірістік жобаларға басымдық берілді. Жыл қорытындысымен шағын және орта бизнестің жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 2022 жылмен салыстырғанда 2,4 пайызға артты (2022 ж. – 19,1%), 21,5 пайызға жетті, – деп толықтырды аймақ басшысы.

Халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу – басты міндет. Нұрлыбек Машбекұлы жыл басынан бері экономиканың барлық саласында 44 мың 695 адам жұмыспен қамтылғанын атап өтті.

Ел Президентінің 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру тапсырмасы өңірде 11 айда толық орындалған. Жоспар – 10651 адам болса, нақты жағдайда 11654 жұмыс орны құрылды. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,5 пайыз, жалпы жұмыссыздық 4,8 пайыз болып отыр. Өткен жылмен салыстырғанда жұмыссыздық көрсеткіші төмендеген.

– Ауыл шаруашылығы – өңір экономикасының негізгі саласы. Бұл салаға тартылған инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда 36,6 пайызға артты. Аймақтың табиғи-климаттық және топырақ ерекшеліктеріне сәйкес ауыл шаруашылығы саласы толығымен суармалы егіншілікке, оның ішінде күріш егісіне бейімделген. Егін науқанының қорытындысымен әр гектардан 56,5 центрнерден өнім алынып, қамбаға 503 мың тонна күріш жиналды.

Су тапшылығына қарамастан күріш өнімділігі бойынша өткен жылғы деңгейді сақтап қалдық. Облыстың ауыл шаруашылығы саласының экспорттық әлеуеті артып, өткізу нарығы кеңеюде. Соңғы екі жылда (2022 жыл, 2023 жылдың 8 айы) құны 84 млн АҚШ долларын құрайтын ауыл шаруашылығы өнімдері экспортталды. Экспортталған өнімнің 96 пайызы өңделген өнім – деді облыс әкімі.

Егіншілік мәдениеті суармалы жүйеге негізделген Қызылорда өңірі үшін су үнемдеудің маңызы зор. Бұл ретте тамшылатып, жаңбырлатып суару әдістерін қолдану аясын кеңейтуге басымдық берілуде.

Осы жылы су үнемдеу технологиясын пайдалану арқылы 872 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Өңір басшысы айтқандай, бұл тенденцияны жыл сайын арттыруға жұмыс жасалады.

– Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында: «Агрогылымды дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет» деген болатын. Аймақта күріштің, өзге де дақылдардың жаңа сорттарын шығарып, өнім сапасын арттыру үшін Ыбырай Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының қызметіне басымдық берудеміз. Жақында Ауыл шаруашылығы ғылым Академиясымен агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми және инновациялық дамыту саласындағы ынтымақтастық келісіміне қол қойылды. Өнімділігі жоғары, өсу мерзімі қысқа күріштің жаңа сорттарын өндіріске енгізудеміз. Ғалымдар бірнеше жаңа сорттарды сынақтан өткізуде. Биылғы нәтиже жақсы. Пилоттық жобадағы сорттар 10 центнерден жоғары өнім беріп, егінге 10-15 күн ерте орақ түсті. Келесі жылы да осы оң көрсеткіш сақталса, 2025 жылдан бастап жаңа сорттар қолданысқа енеді. Егіс алқабын әртараптандыру жұмыстары жалғасуда. Суды аз қажет ететін дақылдардың егіс көлемін көбейтеміз. Майлы дақылдар алқабы 13 пайызға, малазықтық дақылдар алқабы 8 пайызға, картоп, көкөніс, бақша дақылдар алқабы 0,5 пайызға, басқа дәнді дақылдар егісі 21 пайызға ұлғаяды, – деді Н.Нәлібаев.

Облыс әкімі атап өткендей, Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірге «Қызылорда облысындағы суармалы жүйелерді қалпына келтіру жөнінде жол картасы» әзірленді. Оның аясында облыста тасқын суларды жинақтау, суармалы суды бөлу мен есепке алу процестерін автоматтандыру арқылы ирригациялық инфрақұрылымды қайта құру мен жаңғырту шаралары жүргізілуде. Суды бөлу мен есепке алу жүйелерін енгізу үшін заманауи үлгіде жұмыс жасайтын халықаралық компаниялар тартылып отыр.

Әрине, Сырдария өзені мен Арал теңізіне қатысты жағдай қашан да өзекті. Кейінгі 12 жылда Солтүстік Арал теңізінің суы (27 млрд м^3-ден 20,2 млрд м^3) 6 млрд 800 млн текше метрге азайып кеткен. 4 млрд 600 млн теңгеге «Көкарал бөгетін сақтап қалу» жобасы іске асырылуда.

Ауылды дамыту өте маңызды міндетке айналды.

– Бұл бағыттағы жұмыстар Президентіміздің «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығына сәйкес жүргізілуде. Оған облысқа 18 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржы елді мекендердің инженерлік-инфрақұрылымдарын жаңғыртуға, әлеуметтік нысандар құрылысын салу мен жөндеу жұмыстарына, мамандарды әлеуметтік қолдауға, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталды. «Ауыл – ел бесігі» аясында 47 ауылдық елді мекенде 216 жобаны жүзеге асыруға 12 млрд 400 млн теңге бөлінді (осы жылға). 157 жоба іске қосылды. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында аймағымызда 404 жоба жүзеге асуда. «Дипломмен ауылға» жобасымен 2 млрд 500 млн теңге бөлініп, жас мамандарға әлеуметтік қолдау көрсетілуде, – деді облыс әкімі.

Ауыл демекші, Қызылорда облысында ауылдық жерлерді дамытудың тың бастамасы жүзеге асып жатыр. Облыс басшысының тікелей қолдауымен аймақта алғаш рет биыл «Үлгілі елді мекен» конкурсы өткізілді. Конкурсқа облыстық бюджеттен 1 млрд теңге бөлінді. Осының нәтижесінде, жеңімпаз 12 елді мекенге күнделікті ел тұрмысына ең қажетті заманауи үлгідегі 29 арнайы техника берілді. Ал бұл конкурс жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілмек.

– Халықтың өмір сүру сапасын жақсартудағы маңызды фактор – сапалы инфрақұрылым, баспанамен қамту. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы қазан айындағы сапары барысында өңір үшін маңызды мәселелерге қатысты тарихи шешімдер қабылдады.

Бірінші көптің көкейінде жүрген «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Ақтөбе қаласына дейінгі аумақты 1 санатқа ауыстыру болатын. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Үкіметке мәселені тез арада шешуді тапсырды.

Екінші – облыс орталығы Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі. Бұл да Президенттің қолдауымен алдағы үш жыл ішінде кезең-кезеңімен шешілетін болды. Қоғамда жиі қозғалған «Қызылорда-Жезқазған» автожолы Президенттің тікелей тапсырмасымен қайта жаңғыртылуда. Жоба құны 108 млрд 500 млн теңге. Қызылорда облысының аумағына тиесілі 216 шақырым жолдың 104 шақырымы аяқталды.

Жалпы, биыл республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 38 млрд 500 млн теңге бөлініп, ұзындығы 671 шақырымды құрайтын жол жөндеуден өтті. Нәтижесінде облыстағы жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 87,5 пайызға жетті. 2024 жылы сапалы жолдардың үлесі 92 пайызға жетеді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Қазір облыс халқының 98,1 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Келер жылы 4 млрд теңгеге ауқымды 4 жоба жүзеге асырылады. Нәтижесінде 2025 жылы облыста орталықтандырылған ауызсумен қамту мәселесі түбегейлі шешілгелі тұр. Ал облыстағы барлық аудан орталығы мен 4 қала (Арал, Қызылорда, Байқоңыр, Қазалы), 19 елді мекен бүгінде табиғи газдың игілігін пайдаланып отыр. Биыл 12 ауылдық елді мекенге кезең-кезеңімен газ кіргізілсе, осының нәтижесінде өңір тұрғындарын газбен қамту көрсеткіші 75 пайызға жетеді. Келер жылға қаралған 4 млрд теңгеге 12 елді мекенді газдандыру жоспары бар. Сонда 2024 жылдың еншісінде аймақ халқына «көгілдір отын» жеткізу деңгейі 78 пайыз болады.

– Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысының еліміздегі жылу-электр орталықтарының жұмысын жандандыру тапсырмасына сәйкес аймақта ірі жоба жүзеге асуда. Президент қолдауымен Қызылорда қаласында жаңа жылу-электр орталығының құрылысы басталды.Егемендік жылдарындағы инвесторлардың қаржысына салынатын ең ауқымды, теңдессіз жоба – жылу-электр станциясының құрылысы біздің аймақта бой көтеруде. Құны 215 млрд теңге болатын жоба 2025 жылы іске қосылады. Бұл электр энергиясын сырттан сатып алудан арылтып, өндірілген электр энергиясының бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік береді, – деді өңір басшысы.

Қазір жауапты маусым. Жан-жақты дайындықтың арқасында жылу беру маусымы тұрақты өтуде. Облыста 1067 әлеуметтік нысандар (532 білім беру, 247 денсаулық сақтау, 288 мәдениет және спорт нысандары) мен 855 көпқабатты тұрғын үй толықтай жылу жүйесіне қосылған.Осы жылы облыс көлемінде барлығы 4170 пәтерді құрайтын 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Облыс әкімінің сөзінше, биыл 2500-ге жуық пәтер табысталып, аймақта 11 мыңнан астам адам қоныс тойын тойлайтын болады.

– Облыс орталығындағы жолаушылар тасымалдау қызметін жақсарту мақсатында өткен жылы 150 жаңа автобус алдық. Биыл қосымша 50 автобус алынды. Қалған 100 автобус жақын күндері келеді. Осылайша облыс орталығындағы қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешеміз. Бұл ретте Қызылорда қаласында 975 млн теңгеге заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты салынуда, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс бюджетінің 61 пайызы бағыталып отырған әлеуметтік салада айтарлықтай оң серпін бар. Білім саласына 278 млрд теңге бөлінген. Нәтижесінде ауқымды әрі сәтті жобалар жүзеге асырылуда. Биыл облыста 4 жаңа мектеп пайдалануға берілуде.

1-бет

ОЛЖАСЫ

нәтижелі көрсеткіші

– Президент бастамасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облысымызда 21 мектеп салынады. Жоба құны – 98 млрд теңге. Қазір 10 мектептің құрылысы жүргізілуде, қалған 11-і келесі жылы басталады. «Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында құны 7 млрд 900 млн теңгені құрайтын физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Қызылорда қаласында 4 іргелі мектептің жанынан 1850 орынға арналған қосымша ғимараттар салынып, пайдалануға берілді. Қосымша ғимараттар салудағы мақсат – біріншіден, балалардың үйінен мектепке қатынауына жақын, ыңғайлы. Екіншіден, бюджет қаражатын үнемдеу.

Бір жаңа мектеп салуға орта есеппен 3 млрд теңге кетеді. Ал бір қосымша ғимарат салуға кеткен қаражат 700 млн теңге көлемінде.Шалғайдан қатынайтын оқушылар үшін жаңа үлгідегі 30 автобус алынды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Қазақстанда шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу туралы бастамасы аясында қараша айында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанынан СеулТех Жасанды интеллект және информатика жоғары мектебі ашылды. Білім саласындағы осындай бастамалар өскелең ұрпақтың игілігі үшін, – деді облыс әкімі.

Денсаулық сақтау саласына биыл 138 млрд 600 млн теңгеден астам қаржы бағытталған. Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Құны 2 млрд 900 млн теңгені құрайтын Қан орталығының құрылысы аяқталуға жақын. Ал «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 нысан салынуда. Осы нысандардың 15-і жақын күндері ел игілігіне пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, жыл соңына дейін көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік перинаталдық орталық көптің игілігіне табысталады.

Жалпы бұл саланың материалдық-техникалық базасын жаңартуға 5 млрд 100 млн теңге бөлінген. Бұл қаражат өткен жылмен салыстырғанда 3 есеге көп. Былтыр 45 жедел жәрдем көлігі келсе, биыл 25 санитарлық көлік алынуда. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен өткен жылдан бастап әріптестік байланыс орнаған. Нәтижесінде аталған Қор соңғы екі жылда өңірдегі білім мен медицина саласына 4 млрд теңгеге жуық қаржы бөліп отыр.

– Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» реабилитациялық орталығы ашылып, құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын онкологиялық скрининг жүргізуге арналған екі жылжымалы медициналық кешен, өзге де денсаулық саласына қажет құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектер алынды.

Қазіргі таңда шалғай ауылдарда қызмет көрсетуде. Бұл жұмыстар жалғасын табатын болады. Осы ретте «Қазақстан Халқына» қорына ризашылығымызды білдіреміз, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі сонымен қатар, мәдениет пен спорт саласында өңірде қолға алынған ауқымды жобалар туралы айтты.

Облыс орталығында 7 мың орынға арналған Орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтырусауықтыру кешені салынуда. Аудандарда 2 млрд 600 млн теңгеге 11 спорт кешендері салынды. Құны 1 млрд 500 млн теңгені құрайтын Отбасы орталығы өз қызметін бастады. 3 млрд 700 млн теңгені құрайтын 1000 орындық Өнер орталығы жақын күндері ашылады. Келер жылы бір мезгілде

барлық аудандарда музей, кітапхана, мұрағат, неке қию залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдарын біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталықтары салынады. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында облыс орталығынан келесі жылы «Шығармашылық академиясы» ірге көтереді. Қазіргі таңда демеушілер есебінен жоба-сметалық құжаттары әзірленуде.

Сыр өңірінің мәдени брендіне айналар «Шірік-РабатСақжауынгері»мен«Сығанақ ханшайымының» алтындатқан мүсіндері облыстық музейге тапсырылды. 9 желтоқсанда«Бейбітшілікжәнекелісім»сарайында осы Сыр жауһарлары көрмеге қойылады.

– Облыста негізгі капиталға салынған инвестиция 2021 жылмен салыстырғанда 52 пайызға өсіп, 472 млрд теңгені құрады. Оның 74 пайызы – жеке инвестициялар. Бұл ретте айтпағым, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының кәсіпкерлерді патриотизм мен әлеуметтік жауапкершіліктің үлгісін көрсету туралы бастамасы аясында аймақта «Туған жерді бірге түлетейік» үндеуі жарияланды.Акцияға өңірдің жанашыр азаматтары қатысып, 37 млрд 500 млн теңгенің жобаларын іске асыруда. 3 млрд 300 млн теңгеге 630 жобаға «жобалық-сметалық құжаттама» әзірленді, – деді облыс әкімі.

Қай қақпаның да уақытқа сай келбеті, қолайлы қызметі болуы тиіс. Қазір Қызылордада Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы салынып жатыр. Жоба құны 20 млрд теңге. Оның 15 млрд 700 млн теңгесі Болат Өтемұратов қорының демеушілігімен және жергілікті бюджеттен 4 млрд 300 млн теңге инфрақұрылымды дамытуға және абаттандыруға (жылу, су, электр және кәріз желілері, телефон, автожол, абаттандыру) бағытталған. Жаңа терминал келер жылы пайдалануға беріледі.

– Қазақстан темір жолы» компаниясының қолдауымен және кәсіпкерлердің демеушілігімен құны 577 млн теңгеге Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Қызылорда қаласында 2 млрд 350 млн теңгеге заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» құрылысын бастадық. Келер жылы пайдалануға беріледі. Сондай-ақ, «Саутс Ойл» компаниясы Қызылорда қаласында музыкалық колледж құрылысын жақын күндері бастайды. Жоба құны 4 млрд 800 млн теңге. Облыс орталығында жерлесіміз Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1 млрд 700 млн теңге болатын «Анаға тағзым» орталығы ашылды. Ал және бір жерлесіміз Асқар Әубәкіровтің демеушілігімен құны 1 млрд теңгеге Қызылорда қаласының орталық алаңына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Облыс орталығында 1 млрд 100 млн теңгеге 30-дан астам ескі көпқабатты тұрғын үйдің қасбеттері заманауи панельдермен жаңартылды. 1 млрд теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің аулалары абаттандырылды. Сонымен қатар, 1 млрд 600 млн теңге болатын 80 балалар спорт-ойын алаңдары пайдалануға берілді. Біз облыс орталығынан бөлек жанашыр азаматтардың қолдауымен аудандар мен ауылдарда тұрғындарымызға қажетті әлеуметтік, мәдени, спорт нысандарын, заманауи демалыс саябақтарын салудамыз. Алдымызда айқын міндеттер мен нақты жоспарлар аз емес. Сыр өңірінің өркендеп, дамуы жолында Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүзеге асыруда қарқынды жұмыстарымызды жалғастыра береміз, – деді облыс әкімі қорытынды сөзінде.

Баспасөз конференциясында облыс әкімі БАҚ өкілдерінің қызықтырған сауалдарына тұшымды әрі дәйекті түрде жауап берді.

ДЕНСАУЛЫҚ

Кеше облыстық көпбейінді ауруханада медицина саласында күрделі бүйрек ауыстыру отасы жасалды. А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары санатты дәрігер Болатбек Баймахановтың бүйрек жетіспеушілігі зардабын тартып жүрген 25 жастағы науқасқа жасаған отасы сәтті өтті.

Sb Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

ҚЫЗЫЛОРДАДА БҮЙРЕК ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫ ЖАСАЛДЫ

Науқас үш жылдан бері жасанды бүйрек аппаратына тәуелді болып келген. Енді оның бұрынғыдай толыққанды өмірге оралуына, диализ орталығынан тәуелсіздігіне жол ашылды. Сәтті ота науқасты уақыт пен тамақтануға байланысты шектеулерден босатты. Енді оның белсенді өмір салтын ұстануына болады. Науқасқа 36 жастағы туысқан ағасы донор болуға келісімін берген.

– Елімізде 2011 жылдан бері бүйрек және бауыр трансплантациясы кең ауқымда жүргізіліп келеді. Бүгінге дейін 1000-ға тарта ота жасалды. Оның 700-і бүйрекке қатысты болса, қалғанын бауыр трансплантациясы құрайды. Бұл – өте күрделі іс, оған әрбір дәрігер үлкен жауапкершілікпен қарайды. Тәжірибесі жоғары болуы ескеріледі. Біз облыстық көпбейінді аурухана дәрігерлерінің ұсынысын қабыл алдық. Аурухана оған қажетті медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ота төрт сағаттан астам уақытқа созылды. Жалпы, бұл өте жіті назарда болады. Барлығы алдын ала зерттеледі, – деді Болатбек Баймаханов.

Ем алушы облыстық денсаулық сақтау басқармасы жанындағы реципиент пен донор арасындағы генетикалық байланысты растайтын этикалық комиссиядан өткен. Комиссия құрамына заңгерлер мен құқық қорғау органдарының өкілдері кірді.

– Дүниежүзілік статистикаға сүйенсек, мұндай отаның 80 пайызға жуығы қайтыс болған азаматтардың донорлығымен жасалады. Ал біздің елімізде басым бөлігінде науқастарға жақын туыстары донор болуымен ерекшеленеді. Осыған орай тиісті заңдылықтарға өзгерістер енгізіп жатырмыз. Әрине, науқастардың жағдайы тез ота жасауды қажет етеді. Трансплантация тәсілі ағза өзінің функциясын түгел жоғалтқан және басқа емдеу шарасы жоқ кезде қолданылады. Жалпы диализ уақытша өмірін созуға мүмкіндік береді, – деді және бір сөзінде Болатбек Баймаханов.

Бүгінгі хирургияда донорлық бүйректі сәтті трансплантациялау созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі бар науқастардың өмір сүру сапасын қалпына келтіріп, олардың толық медициналық және әлеуметтік оңалуын қамтамасыз етеді. Аурудың дамуын болдырмаудың жолы – скрининг арқылы бүйрек ауруын ерте анықтау. Қазіргі уақытта Қызылорда облысында 85 трансплантацияланған науқас бар. Оның 82-сі туысқан донордан.

Бүйрек жетіспеушілігі негізінде дер кезінде ем алмау салдарынан туындайды. Кейінгі жылдарда науқастардың арасында жастардың үлес салмағы артып баратыны алаңдатады дейді дәрігерлер.

БІРЫҢҒАЙ УАҚЫТ БЕЛДЕУІ ЕНГІЗІЛЕ МЕ?

ҚР Сауда және интеграция министрлігі «Қазақстан Республикасы аумағында уақыт есептеу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер әзірленгенін хабарлады. Zakon.kz-тің мәліметтеріне қарағанда, құжатқа сәйкес, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, Абай, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері 2024 жылғы 29 ақпаннан 2024 жылғы 01 наурызға қараған түні (сағат 00:00-де) жергілікті уақытты 1 сағатқа артқа ауыстырады. Осылайша Қазақстанның бүкіл аумағы 5-сағаттық белдеуде орналасады.

Қазақстан Республикасында екі уақыт белдеуі қолданылады (UTC+5, UTC+6). Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе және Қызылорда облыстары – 4-сағат белдеуінде (UTC+4+1). Астана, Алматы, Шымкент қалалары және қалған облыстар (Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды, Ұлытау, Түркістан, Жамбыл, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Абай, Жетісу, Алматы) 5-сағат белдеуіне (UTC+5+1) жатады.

Бұл мәселені кешенді пысықтау мақсатында Сауда және интеграция министрлігі жанынан тиісті жұмыс тобы құрылды, оның құрамына 60-тан астам адам бар.

Жұмыс тобына бастамашыл мүшелері «Қазақстан Республикасындағы уақытты есептеуді зерттеудің негізгі нәтижелері» есебін дайындады, онда уақыт белдеулерін реттеу немесе оларды табиғи уақытпен үндестіру халықтың денсаулығына, экономикаға, білімге, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ететіндігі атап өтілді.

2023 жылғы 1 желтоқсандағы жұмыс тобының отырысында қарау нәтижесінде есеп бекітілді және Қазақстан Республикасында UTC+5 бірыңғай уақыт белдеуін енгізу ұсынылды. Сарапшылардың пікірінше, бұл – нұсқа ең дұрыс және қолайлы нұсқа, Қазақстанның көптеген өңірлері үшін табиғиға жақын уақытты пайдалануға мүмкіндік береді.

Түзетулер жобасы 2023 жылғы 22 желтоқсанға дейін қоғам болып талқылау үшін Ашық НҚА порталында жарияланды.

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен дөңгелек үстелде қазақстандық ғалымдар, және мемлекеттік органдардың өкілдері Қазақстанда бірыңғай уақыт белдеуін енгізу мәселесін талқылады.

Қолданбалы хронобиология бойынша маман Болат Нұрқожаевтың айтуынша, ғылыми консенсус денсаулықты сақтау үшін күн уақытына барынша жақын тұрақты уақыт белдеулерін барынша тиімді пайдалану керектігін растайды. Осыны ескере отырып, барлық Қазақстан бойынша UTC+5 бірыңғай уақытына көшу ғылыми-зерттеу институттары мен ғалымдардың әріптестері қолдайтын ең оңтайлы шешім ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, ғалымдар халықаралық тәжірибеге талдау жасады. Мысалы, әлемнің 175 елінде бірыңғай уақыт белдеуі қолданылады. Тек 22 мемлекет бірнеше уақыт белдеуінде тұрады.

Астана медицина университетінің қалыпты физиология кафедрасының меңгерушісі Курейш Хамчиевтің пікірінше, уақыттың табиғи өтуінен озу созылмалы шаршау мен аурулардың пайда болуына ықпал етеді.

– Десинхроноз – қазір көптеген өңірлерде болып жатқан нәрсе, яғни биологиялық ырғақтардың сәйкес келмеуі ұзақ мерзімді шаршаудың, депрессияның, ұйқысыздықтың және өнімділіктің төмендеуінің себебі. Мұның бәрі – жүрекқан тамырлары, қатерлі ісік және басқа аурулардың даму қаупінің факторлары. Циркадиялық немесе биологиялық ырғақтар – біздің өміріміздің ажырамас бөлігі және бұл циркадиялық стрестерге қарсы тұру өте қиын. Сондықтан бүкіл республика халқының табиғи ырғағын синхронизациялау қажет, – деп атап өтті ол.

Сарапшылар денсаулыққа жағымды әсер етумен қатар, Бірыңғай уақыт белдеуін енгізу елдің әртүрлі аймақтарының тұрғындары арасындағы уақыт айырмашылықтарын жеңуге мүмкіндік беретінін атап көрсетеді. Бұл көлік және басқа да коммуникацияларды үйлестіруді жақсартады, бизнес үшін қолайлы жағдай жасайды, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен шұғыл қызметтер арасындағы өзара іс-қимылды күшейтеді.

«СБ» ақпарат

ҚР СУ ҚОРЛАРЫ ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ НАЗАРЫНА

Фото: Аныс дерекқорынан

АРАЛҒА су келе ме?

Соңғы кезде «Орталық Азия елдері Арал теңізін құтқару жолдарын бірлесе іздестіреді» деген мазмұнды хабар қоғамда кең таралып, соған орай әлеуметтік желіде оң пікірлер туындап жатыр. Бұл тек бір өлке, бірнеше ел аумағындағы ғана емес, әлемдік кеңістік ауқымындағы игі жаңалық деуге негіз бар. Себебі, дүниеде белең алып бара жатқан қатерлі проблемалар қатарында Арал теңізінің мәселесі, өкінішке орай, көп құбылыстардың алдыңғы қатарында тұр. Сонымен қатар, ол – уақыт жағынан да, тағы да өкінішке орай, сол проблемалардың біразынан көш ілгері, 60 жылдан астам уақытқа созылып және әлі де жалғасып бара жатқан ауқымды мәселе. Жердің азып-тозуы, планетарлық экологиялық дағдарыс, климаттың бұзылуы сияқты глобальді жайттардың өткір жүзінде тұрған және ондағы анық рөлі әлі де нақты түрде сарапталып, орнына қойылмаған, сонан да мәселесі аса көкейтесті болуы ықтимал Арал экологиялық апатының бетін қайтару, жоғалған теңізді жағалауына келтіру әлемдік мүдде ісі санатына жатады.

Дау жоқ, әлемдік кең контекст құрамында жатқан бұл мәселенің Орталық Азия қауымдастығына қатысты аумақтық нақты қырлары да бар. КСРО-ның әсіре прагматикалық саясаты Оңтүстік өлкелерге күштеп таңған сусамыр дақылдар экспансиясы, ауыл шаруашылығын жүргізудің экстенсивті жолы, жер-табиғат байлықтарын аяусыз, есепсіз пайдалану тәсілдері Әму-Сыр алабын тоздырды, Арал теңізін жоқ етті. Бұл айналып келгенде, қасиетті Тұран өлкесінің сұрқын кетірді, оның ғасырлардан қалыптасқан тарихи мәнін аяқасты етті. Орталық Азия қызыл империяның құлдық саясаты дендеген плантация-қосалқысына айналды. Әлеуметтік, экономикалық салдарларын айтпағанда, мұның осы күнгі нақты экологиялық зардабы енді көз алдымызда: Оңтүстік таулардағы мыңжылдық мұздықтар сарқылды, өзендер суала бастады, өлкедегі құрғақшылық пен шөлдену аса басым құбылысқа айналды, аймақтың қысы қатал, жазы аса ыстық тартты. Әрине, бұл, өз кезегінде, экономикалық, әлеуметтік проблемалардың көп қордасын тудырды...

Мақсатты жұмыстар нақты іскадамдардан тұрады. Ортақ өзендер бастауында отырған көршілер вегетация кезеңіне (1 сәуірге дейін) Сырдария ағынынан Қазақстан тарабына 11,1 текше шақырым (т.ш.) су беруге алған міндеттеме, негізгі мақсаттар қатарында, сол Арал теңізі үшін жасалған нақты қадамның бірі деп қарау керек. Біз осы кезге дейін Сырдариядан заңды-кепілді тетігі жоқ, кешегі КСРО тәжірибесінен қалған 12 т.ш. су көлемін күтіп келдік. Әрине, бұл күтулі көлем табиғат мінезіне байланысты, кепілсіз түрде бірде артық, бірде кем жағдайда жүзеге асып жатты. Ал соңғы климаттық құбылыстар (ауа ысынуы, қуаңшылық) және Оңтүстіктегі демографиялық факторлар бедерінде бұл көлем тіпті төмендеп кетті. Енді Қазақстан үшін Сырдарияда кепілді, бекітілген су мөлшері бар деп айта аламыз. Бұл судың сонау күтулі көлемнен (КСРО ұстанымынан) 0,9 т.ш. аз шамада белгіленуі сол, климат өзгерісі, қуаңшылық және ел-жұрттар факторын ескере отырып алынған реалистік меже деп қарау керек.

Бұл Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Орталық Азиядағы ынтымақтасты көршілік қарым-қатынас жолында атқарған зор дипломатиялық саясатының нәтижесі және елімізде көптен бері құрылуы ұсынылып келген Су шаруашылығы министрлігінің өмірге келіп, қарымды жұмыс істей бастауының бір игілігі деп түсінген абзал.

Әрине, қоғамда тараған «Орталық Азияның Арал теңізін құтқару» бастамасының нақты қадамдар алгоритмі әл-әзір бізге мәлімсіздеу. Бірақ елімізге тиесілі жоғарыдағы су көлемі факторына орай, бізде нақтылыққа негізделген кейбір сараптамалық ойлар тарқату мүмкіндігі бар. Оңтүстіктен «Шардара» су қоймасына түсетін 11,1 т.ш. судың, егіс және шаруашылық қажетінен бөлек, 1,6 т.ш. көлемі Арал теңізіне бағытталады. Бұл – кепілді үлесі көптен сұралып келген Арал сыбағасының заңды алғашқы қарлығашы. Әрине, бүкіл Арал үшін бұл тым аз көлем. Ел тілегімен күн тәртібінде тұрған Кіші Арал теңізі үшін де аз. Бірақ бұл – заңдастырылған сыбаға. Және осы үлгі негізінде әрі қарай ой дамыта аламыз: Елімізге сырттан келетін таза ағыннан Арал сыбағасы 1,6 т.ш. деп белгіленсе, осы шаблон-үлгімен ішкі су қорларымыздан да күйзелісті теңізге су бөлуді заңдастыру қажеттігі күн тәртібіне шығады.

Қазақтың Қаратауынан Сырдария бағытында 7 т.ш. көлемде су өнеді. Міне осы судан да, жоғарыдағы үлгімен, Арал теңізінің сыбағасын белгілеп, заңдастыру қажет. Сол үлгі бойынша, бұл «ішкі ағыннан» Арал үшін тағы 1 т.ш-нан астам су бөлуге болар еді. Сырттан келетін су да, іштен өнетін су да – бәрі бір су. Өзіміздің ішкі су пайдалану саясатына да тұжырымды сұрау, табанды міндет қою – ендігі өмір талабы. Табиғат берер ризық 1 сәуірмен ғана шектеліп қалмайды. Жоғарыда айтылған су көлемінен тысқары, «жоспарсыз» түрде келуі ықтимал дария ағыны онан әрі де жалғасты болуы мүмкін...

Аралдың өз алабында өнетін судан тарихи-моральдық хақы бар.

Нәтижесінде, Шардара-Арыс беттен Арал үшін 2,6-3 т.ш. «таза» су келе алады. Осы көлемге Түркістанның Келес-Шардара, Қызылқұм, Арыс-Түркістан массивтерінен, Қызылорданың Келінтөбе, Түгіскен, Жаңадария, Қараөзек, ең аяғы, Қазалы алаптарынан қайтарымды-қашыртқылы суларды қайтара құю ісін жолға қою қажет. Су қорларымызды тиімді пайдалану жолында осынау үнем көздеріне тиісті мән беріліп жүрген жоқ. Бір кездері Қызылорда облысында Қазалы алабының өзінен 52 шақырымдық арнамен (жобасы: солжағалық Қараарық, Беларық, оңжағалық қашыртқы арықтарымен) біраз қашыртқы-қайтарымды суды дарияға қайтара құю мәселесі айтылып келген. (Әр облыстың өз күшімен-ақ жүзеге асуы мүмкін бұндай шаралар Арал жолындағы арзан да, тиімді, ең бастысы, ақталымды тірлік болмақ; мемлекеттік деңгейде де солай жүзеге асады). Бірақ, сол су қайтару идеясы әлі күнге жүзеге асқан емес...

Техникалық жағдайлары сын көтермейтін гидроқұрылғылардағы алтындай қымбат судың рәсуа шығыны 40 процентті құрайды.

Жоғарыдағы шаралар нәтижесінде, Сыр аяғы үшін, ең аз дегенде 6 т.ш-нан бастап, онан да көп су көлемі құралар еді. Бұл – Арал халқы табанды түрде сұрап отырған Солтүстік Арал теңізі суын 50-51 метр жиегіне (НПУ) келтіретін, бірдеңгейлі «Көкарал» бөгеті нұсқасы үшін жетіп-артылатын көлем. Тек бүгінгі күннің өркениетті ағрошаруашылық тенденциясы ауанында, егіс танаптарын итратпестицид деген заһарлардан таза болуға тиіс. Ендігі салауатты экология талабы сол. Сонан қайтқан суды теңіз бен дария өз ағысы, толқыны, жел сапыруымен (аэрация құбылыстары) өздері тазалап алатын қасиетке ие. Бұндай су дария алабындағы жан-жануарға да, теңіз ихтиофауна-флорасына да зиян келтірмесе керек.

Жалпы, қайтарымды су жөнін айтқанда, мұның сыртында, жылдар бойы талқыда келе жатқан су пайдаланудағы ұқыптылық, үнемшілдік, айдалаға кетіп жер сорландырып жатқан су ысырабына тыйым, экологиялық мәдениет мәселелерін тағы да қоса көтеру қажет болады. Тірлік-тіршілік-теріміздегі ескі көзқарастар мен «кешегі» психологиядан құтылып, мемлекеттің бағдарлама-қолдаумен шаруашылықтар дәстүрін әртараптандыру, сусамыр дақылдар гектарларын мейлінше азайту, су үнемді дақылдарға бет бұру, агротехникалық заманауи шараларды батыл түрде енгізу, жаңбырлатып, тамшылатып суару сияқты сан-тарау мүмкіндіктер жолдары бар. Бұл орайда еліміз-жеріміз мүддесі жолындағы әр адамның ықылас, ізденіс, санасы және осыған мемлекеттік қолдау қажет. Үкімет күн тәртібіне қойып отырған су пайдалану тарифтерін көтеру қолда бар игілікке ұқыптырақ болудың бір тиімді жолы болар еді. Соңғы 30 жылда, «иманды» экологиялық уәждер астарында, Сыр бойында ғана өрескел кеткен күріштік алқабын 30 мың гектар көлем қысқарту 1 миллиард текше метрден астам су үнемдей алады...

Су – мұнайдан да қымбат, ал экология – экономика мен әлеуметтік мүддеден биік құндылық, өмір кепілі екендігін әлем мойындай бастаған мына заманда біздің нақты Сырдария үшін түбегейлі, заманауи көзқарас-саясат керек. «Жағасына жата қалып су ішетін» «адал» су көзін бүгін таба алмайсың... Сыр алабындағы ізденістерде ғана емес, еліміз бойынша гидрология, гидротехника мамандарының ділгір қажеттігі күн тәртібіне өткір қойылып тұр. Мұның осы күні әр аудан, тіпті, ауылдарға дейін аса қажет мамандық екенін ескермей келгеніміз рас. Елде су шаруашылығы маманының әлеуметтік мәртебесін еселеп көтеру мүддесі бар.

Сырдария суын бірінші кезекте күтулі Арал теңізі алабында жаңа су қоймаларын салу қажет пе? Азық-түлік қауіпсіздігі – ел стратегиясы. Бұл стратегия ең алдымен экология салауаттылығын көздеуі тиіс. Сол өз кезегінде, жер құнарын, табиғат берекетін арттырады. Бұл стратегияның құрамдас бөлігі ауызсу қауіпсіздігі де. Жоғарыда біз шолған дария-өзен суларын тиімді ұқсату ойлары – сол келешектің қамы. Өлкеміздің жербетіндік, жерастылық толымды гидрологиясы жолындағы ой. Салауатты экология – бар тірлік кепілі.

Солтүстік Арал теңізін көтеру ісі кешегі керітартпа кеңестік жобаларды («екі деңгейлі теңіз» деген нұсқа) жүзеге асыруға тырысқан біраз кедергі ниеттер себебінен ондаған жылдар жоғалтты. Есіл уақыт, Кіші Аралды 1,5 еседей толтыратын 48 миллиард текше метр су, көптеген балық қоры рәсуә болды. Бұл жылдарда республикада миллиардтық жобалар жүзеге асып жатты. Миллиардтар жұтып, жүзеге аспай қалған шаруалар да бар. Ал бүкіл әлем көз тіккен, экологиялық өлке халқы сонша жылдар бойы сұрап отырған «Кіші Арал», көтеріңкі ұрандар астында, сөз жүзінде қалумен келді.

Аралға бүгін керек «Мырзас» реттегіш-шлюзі де осы қатардан.

Қысқы су да, жазғы су да – бәрі күтулі теңіз үшін бір су. Сыр алабына жаңа қоймалар салу негізсіз. Қоймалардың кебу, жерге сіңу және шаруашылық шығындары бүгін тағы белең алып бара жатқан Арал қиындығын онан сайын асқындыра түседі. Өркениетті әлем үлгісімен Сырдың бар мүмкін ағынын Аралға бағыттау керек.

Біз теңіз ұлтанын өсімдіктермен жабу ісін көршілерден бұрын бастадық. Жерасты суларымен Қаратерең, Қасқақұлан алаптарын абаттандыру өткен ғасырдан бері жалғасып келеді. Бұл ретте, теңіз ұлтанынан ашылған, тың су көзіне ғана есептелген өзгенің өнеге-үлгісі біз үшін қажеттігі аз болар. Жарысміндеттемелерге бармай-ақ, біздің дәстүрлі жұмыстарымыз, солай өз ауанында жалғаса беруі керек. Ал Сырдариядан өнетін, үнемделетін бір тамшы су болса да, еліміз қолға алған Кіші Арал айдынына бағытталуы тиіс. Ендігі өмір мүддесі бізден соны талап етеді. Ал Қазақстанның мыңжылдарда табиғи консервацияда жиылған жерасты сулары, шүкір, ұтырымен ұқсата алса, ұрпақтар мен ғасырлар шөлін қандыруға жететін мол кеніш. Біз жоғарыда, өз ұғымымызда, гидрология ілімімен айтсақ, жер бетіндегі суларды тиімді ұқсату, оларды сақтау жолдарына біршама ой жібердік.

Қытай, Қазақстан, Ресей ортақ күретамыр Ертіс жағдайын бірлесе қолға ала бастады. Бұл бағытта Ертіс-Қарағанды арнасы, Астана су қоймасы, болашақ Бұзылық су тоспасы мәселелері еліміздің су саясатының алдыңғы легінде тұр. Орталық Қазақстанның, Оңтүстік шөлді өлкелердің, соның ішінде Арал теңізінің де үлкен үміті осы шаралар болашағына өмірлік тамыр жалғайтын болады.

Арал және өмірге қайтып оралатын Солтүстік Арал айдынының игі әсері бір өлкемен ғана шектелетін нысандар емес. Орталық Азия экологиясының, демек, біздің экономикалық, әлеуметтік толымды өмір, салауаттылығымыздың бір шарты ол. Есігіміздің алдындағы егіс құрағы ғана емес, онан да кең, онан да мәнді өмір кепілі, тіршілік кеңістігіміз – ортақ туған табиғатымыз бар екенін ұғынатын кез жетті.

Сайлаубай ЖҰБАТЫРҰЛЫ

10 ЖЕЛТОҚСАН – «БАРСАКЕЛМЕС» ҚОРЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАН КҮНІ



Фото: Аныс дерекқорынан

«БАРСАКЕЛМЕС» – тартылған теңіз жауһары

«Барсакелмес» – Еуразиядағы қоңыржай белдеудің солтүстік (дала) және орта нағыз шөлдерінің экожүйелерін қорғайтын бірден-бір және жаһандық масштабтағы экологиялық апат аймағында орналасқан әлемдегі жалғыз қорық. 1939 жылдың 10 желтоқсанында ҚазССР Кеңестік Халық комиссариатының қаулысымен Арал теңізіндегі «Барсакелмес» аралының аумағында құрылған. Аралды «Союзпушнина» пайдалануға алған болатын. Мұнда ірі құм балпақтары, ақбөкендер және қарақұйрықтар әкелген, құм балпағының кәсібін ашқан.

Арал теңізі тартылғанымен, «Барсакелмес» қорығы қазақстандық типтегі шөлейтті экожүйелері бар жалғыз қорғалатын аумақ және Солтүстік Арал теңізі маңы табиғатының эталоны болып қала берді.

Теңіздің тартылуы салдарынан қорыққа бару қиындап, қызметі дағдарысқа ұшыраған болатын. 2000 жылдан кейін айналасындағы теңіз жазықтығының айтарлықтай бөлігі ашылып (кепкен табан), арал құрлықпен бірігіп кетті. Бұл жабайы аңдар миграциясының қайта іске асуына мүмкіндік берді. Арал теңізінің кепкен табаны экожүйелердің флорасы мен фаунасының қалыптасу аренасына айналды. Тұщы судың болмауынан тұяқты жануарлар «Барсакелмес» аралынан шығып кетті. Құландар тұщы су көздері бар бұрынғы «Қасқақұлан» аралының айналасындағы теңіздің кепкен табанындағы сексеуіл тоғайларын мекен етті, ал қарақұйрықтар мен ақбөкендер шығыс жағалау бойынша кеңінен миграцияланды.

Осыған орай, ҚР Үкіметінің қаулысымен қорық аумағы 10 есе ұлғайып, 160 826 гектарды құрады. Аумақтың кеңеюі экожүйелердің әркелкі типтері, топырақты-өсімдікті жамылғы, флора мен фауна түрлерінің барлығын, сонымен қатар әртүрлі құрлықтық даму кезеңдері бар кепкен табан учаскелерін бақылаумен қамти алды.

> 2016 жылдың 19 наурызында ЮНЕСКО-ның «Адам және биосфера» бағдарламасы бағыттаушы кеңесінің шешімімен «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығы негізінде құрылған «Барсакелмес» биосфералық резерваты ЮНЕСКО биосфералық резерваттарының әлемдік жүйесіне енді.

2005 жылы қорық аумағын ұлғайту бойынша жасалған ғылыми-табиғи және техника-экономикалық негіздемелерге сәйкес «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығының Кіші Арал теңізі мен Сырдария өзенінің құяр сағасындағы сулы-батпақты өңірлерді қосу арқылы аумағын ұлғайту мәселесі көтерілген. Осы орайда 7600 гектар жер Қызылорда облысы әкімінің қаулысымен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар резервіне қалдырылған. Алайда, өткізілген қоғамдық тыңдаулар нәтижесі мен жергілікті тұрғындардың ұсыныстарын ескере отырып, көрсетілген аумақ бастапқыда 5770 гектар, кейіннен 2300 гектар болып қысқартылды. Сонымен ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығының көлемі Сырдария өзенінің Кіші Арал теңізіне құяр сағасындағы «Дельта» учаскесін (2300 гектар) қосу арқылы ұлғайды, қорықтың жалпы аумағы 163 126 гектарды құрады. 2012 жылы Кіші Арал теңізі мен Сырдария өзенінің құяр сағасы халықаралық Рамсар конвенциясымен қорғалатын сулы-батпақты өңірлер тізіміне енді.

Биылғы қыркүйекте «Барсакелмес» қорығы «Тұран шөлдері» номинациясында ЮНЕСКО-ның Әлемдік және мәдени мұрасы мәртебесіне ие болды. Бұл мәртебенің басты ерекшелігі қайталанбас табиғи кешендердің біртұтастығы мен қауіпсіздігін сақтауға қосымша кепіл болады.

Қазір «Барсакелмес» қорығы 3 кластерлік учаскеден тұрады:

1. «Барсакелмес» учаскесі, қорықтың бұрынғы аумағы (16 795 гектар) мен теңіздің кепкен табаны кіреді, жалпы ауданы – 50 884 гектар.

2. «Қасқақұлан» учаскесі, құландардың қазіргі кездегі мекен ету орны және теңіздің кепкен табанында өсіп шыққан табиғи сексеуіл тоғайларының үлкен массиві, ауданы – 109 942 гектар.

3. «Дельта» учаскесі, Сырдария өзенінің Кіші Арал теңізіне құяр сағасында орналасқан, ауданы – 2300 гектар.

Жоғарыда көрсетілгендей қорық аумағында сексеуіл ормандары бар. Орманды өңірлердің ауданы – 56 мың гектар. Қорықтың флорасы 325 түрлі өсімдіктен, оның ішінде 16 эндемик және 5 Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген түрлерден тұрады.

Қорықтың жануарлар әлемі де сан алуан. Омыртқасыздар түрі өте көп, тек насекомдардың өзі 12 отрядтан 2000-ға жуық. Қорықта 107 түрлі өрмекші, жасыл құрбақа және көлбақа сияқты қосмекенділер бар. Бауырымен жорғалаушылардың 12, құстардың 250, оның ішінде «Қызыл кітапқа» енгізілген 33 түрі, 28 түрлі сүтқоректілер, оның 3 түрі «Қызыл кітапқа» енгізілген. Балықтың 22 түрі, оның 4-уі «Қызыл кітапта» тұр.

Қорыққа 1953 жылы Бадхыздан (Түркіменстан) құландар жерсіндірілген болатын, 1958 жылы алғаш ұрпағы алынып, сонан бері құландар популяциясында жыл сайын өсім байқалып келді. Тұщы судың аздығы мен теңіз суы тұздылығының көтерілуі салдарынан құландарды аралдан біртіндеп шығару туралы шешім қабылданып, 80-жылдары бір бөлігі «Алтын-Емел» ұлттық паркіне қоныс аударды. Қазір құландардың аралдық популяциясынан қалған даралары «Қасқақұлан» учаскесіне ауысты, мұнда олардың саны жыл сайын артып келеді. Биылғы санақ бойынша құландар саны 800 бастан асты.

Қорық Арал теңізі өңірімен бірге өзгерген болатын, бірақ ол тартылып бара жатқан теңіздің табиғи жауһары болып қала береді. «Барсакелмес» арал болып қалмады. Ол Солтүстік Арал теңізі өңірінің геоморфологиялық жүйесінде арал қалдығы болып қайта туындады.

Хамит ҚАНИЕВ,
«Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығының бас директоры

НАРТҰЛҒА

Адамзат баласының ғұмыры қысқа болғанымен, сол қысқа өмірде артында өнегелі істер қалдыратын белгілі бір саланы терең меңгеріп, халыққа жасаған жақсылықтары мен айналасындағыларды жанына жақын тарта білетін жылулығы естен кетпейтін адамдар болады. Сондай қабілетімен есте қалатын тұлғаның бірі Б.М.Сапарбаев.

Бекеңнің бойында әке қанымен, ана сүтімен келген уақыт өзгерсе де, кеңістік өзгерсе де, қоғам, заман өзгерсе де туа біткен қалпын сақтаған мағыналы, мәнді тектілік бар. Барлығын білемін демей, білгім келеді деумен өмір сүріп, әр уақытта дүние тылсымы мен құпиясын білуге құштар.

Бердібек Машбекұлы Қызылорда облысына 1995 жылы өте қиын кезде келді. Ол кезде біз әртүрлі салада басшылық қызметте жүр едік. Жоспарлы экономика тоқтап, нарықтық қатынасты толыққанды игере алмай жатқан өлі кезең. Қаржы жоқ, өндіріс мекемелері тоқтаған ауыл шаруашылығы құлдырап Қызылорда облысы тарқап кетуге шақ қалып тұрған уақыт.

Бекеңнің іскерлігінің, сауаттылығының, табандылығының, тазалығының, ұйымдастыру қабілетінің жоғарылығының арқасында 4 жылда қыруар күрделі жұмыс атқарылды. Солардың негізгілеріне тоқталып өтсем.

Бірінші. Қызылорда қаласы аумағында арнайы экономикалық аймақ құру жөніндегі есебін Президентке кіріп дәлелдеп шығуы. Соның арқасында кәсіпкерлер өздерінің жұмыстарын ілгерілетіп, өндіріс орындары жұмыс істей бастады.

Екінші. Республикада бірінші болып 1996 жылдан айналысқа арнайы шығарылған номиналы 10, 50 және 100 теңгелік вексельдер енгізді. Бұл вексельдер айналымға шыққан соң азық-түлік дүкендері, кәсіпорындар, коммуналдық қызмет мекемелері вексельді ешбір кедергісіз қабылдап, қарыздардың төмендеуіне оң әсерін берді.

Үшінші. Бүгінгі халық рахатын көріп отырған ілеспе газды тұрғындардың игілігіне пайдалану жөнінде ұсынысты бірінші болып Президент алдына мәселе етіп қойып, оны дәлелдеп, үкіметтің арнайы қаулысын шығарып, қаржы көздерін іздестіріп, жобалау-сметалық құжаттарын дайындауды іскерлікпен ұйымдастырды.

Төртінші. Президент мемлекетімізде қаржы тапшылығына байланысты қалыптасқан ауыр жағдайдан шығу үшін облыстарды оңтайландыру мәселесін көтерді. Қысқаратын облыстардың тізімінде бірінші Қызылорда облысы тұрды. Осы тұста Бекең жарғақ құлағы жастыққа тимей, барлық экономикалық есептерін жасап, 2-3 жылда облыстың жағдайының жақсаратынын экономистерге дәлелдеп, дербес аймақ есебінде алып қалды.

Бесінші. Мен су шаруашылығы маманы болғанымен тарихта теңізді ортасынан бөліп тастау дегенді естіген де, көрген де, оқыған да емеспін. Бірақ Бердібек Машбекұлы облыс басқарып тұрғанда батыл қадамға барды. Барлық су шаруашылығы мамандары күмәнмен қарадық. 60 миллион қаржы көзін тауып Арал теңізінің бір жағын кіші Арал, екінші жағын үлкен Арал етіп бөліу бастамасын қолға алды. Кіші Арал теңізін құтқарып қалудың бірден-бір жолы осы екеніне су шаруашылығы комитеті мамандарының, үкімет мүшелерінің көзін жеткізді.

Осының негізінде «Сырдария өзенінің арнасын реттеу, солтүстік Арал теңізін сақтап қалу» ғасыр жобасы бекітіліп, жұмыс істеп тұр.

Дүние жүзінің халқы бұл жобаның тиімділігін көре бастады. Бұны жазып отырғаным Бердібек Машбекұлы өз өмірін қатерге тігіп, барлық жауапкершілікті өз мойнына алып халық үшін жаратылғанын дәлелдеді.

Бекеңнің Қызылорда облысынан кейінгі атқарған қызметтері бәрімізге белгілі. Оңтүстік, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл облыстарын басқарып, сол өңірлерде де айрықша із қалдырды.

Кеден агенттігі өте ауыр сала, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін басқарғандағы осы саланың мәселелерін шебер, білгір маман есебінде шешкендігіне бәріміз куәміз.

Мен, Бекеңмен бір сыныпта, бір партада отырып, 10 жылдықты бірге бітірдік. Абзал қасиеттері мен азаматтық тұлғасын жақсы білемін десем артық айтқандығым емес.

Бердібек Машбекұлының өзге министрлерден, әкімдерден ерекшелендіретін үш қасиетін дара айтқым келеді.

Біріншіден, қара жердің демін, қара нанның дәмін сезіп ауылда туып-өскені. Екіншіден, ана тілінде шебер сөйлеп, қазақтың салт-дәстүріне қанығып жетілгені. Орыс тілінде жақсы меңгергені. Үшіншіден, Бекеңді өмір жолында алға сүйреген еңбек, еңбек және еңбек деген ұлы ұстанымы. Аузы дуалы, ісі пәтуалы әкесі Машбек ақсақал елге көшіп келгенге дейін Оңтүстік Қазақстан облысында мақта бригадирі болды. 1966 жылы елге сол жақтағы барлық ағайындарды көшіріп келіп, күріш бригадирі болып жұмыс істеді. Өз табысы өзіне, балаларын оқытуға толық жетті. Бірақ Бекең Алматы қаласында жоғары оқу орнында оқып жүріп сабақтан бос кезінде әке шешесіне салмақ түсірмей қара жұмыс істеп өзін-өзі асырады, қайрады, шыңдады. Осы қасиеттерінің арқасында Бекең байыпты, берік, іскер, білікті басшы, қай қалыпқа салсаңда қайыспас қара Нар боп қалыптасты. «Туған жерге туың тік» деген ұстанымдағы Бердібек Машбекұлының туған жеріне, өскен еліне деген ықыласы тіпті ерекше. Қазақ елінің қай қиырында жүрсе де, қандай белес асып, қай биікке көтерілсе де, өмірінің сонау ең бір таза, шынайы кезеңіне куә болған ауылды жадынан ешқашан шығарған емес. Туып-өскен өлкесінің тыныс-тіршілігінен өзін бір сәтте бөлек ұстамайды.

Ауылымен мақтанып, маркайып қана қоймай, перзенттік парызын да үзбей атқарып жүреді. Кейінгі жылдары ауылда бой көтерген мектеп, жаңа үлгідегі спорт кешені, мешіт, амбулатория, моншалардың салынуына ұйытқы болған Бекеңнің өзі.

Сонша жұмыстың сыртында өнегелі отбасы иесі, ардақты әке. Әйел парасаты, әйел көрегендігі – бір отбасының ғана емес бүкіл отанның ортақ игілігі. Бұл ретте Бекеңнің өмірлік жары болған Ғайша Сербосынқызы замандасымыз да құдай деген жан, данагөй әйел.

Бекеңмен дәмдес-тұздас болған дос-жаран оның осындай қадір-құрметке бөленуінде отбасының берекесін келтіріп отырған сүйікті жары, адал өмірлік серігі Ғайшаның да өзіндік үлесі бар екенін, оның қонақжайлылығы мен көңілінің дархандығын, кісіге қайырымы мен биік парасатын, адамгершілік ізгілігі мен ілтипатын ризалықпен айтып жүреді. Шүкір аспандағы тәңіріміз қолдап, Бекең жарты ғасыр басшылық қызметте жүріп барды бағалай білді, жоқты саралай алды, тәубесінен жаңылмай, тәуекелден айнымай осы дәрежеге 70 жасқа жетті. Бірақ, өкінішке орай, мерей жасын елімен, халқымен бірге тойлай алмады.

9 маусымнан 10 маусымға қараған түні сағат 2-де мемлекет және қоғам қайраткері, жаны да, тәні де, қолы да таза Бердібек Машбекұлы бауырымыздың жүрек соғуы тоқтады, бір алып бәйтерек құлады. Осы қаралы күн басталғаннан Астана, Алматы қалаларындағы өткізілген іс-шараларда көңіл қосын білдірген Үкімет басшысы Ә.Смайлов, Қазақстан Республикасының Еңбек ері А.Әшімов, мемлекет және қоғам қайраткерлері Қ.Сұлтанов, Қ.Көшербаев, М.Құл-Мұхаммед, И.Адырбековтер Бекеңнің өмір жолындағы атқарған жұмыстары жөнінде толық қамтып жиналған қаралы қауымға жеткізді. Менің ерекше назарымның ауғаны медицина ғылымының докторы, профессор «Казвак»-тың авторы Күнсұлу Дальтонқызының сөзі еді. «Біздер оқымыстылар вакцинаның шығуына дүние жүзінде алғашқы мемлекеттердің бірі болып ғылыми жағынан жұмыс істеген болсақ, ал ұйымдастыру мәселесін орналасқан ғимараттан бастап, ішіне қойылатын медициналық аппараттар, жақын-алыс шетелдерден алынған компоненттер, қаржы мәселесі басқа да сан алуан жұмыстарды шешуді Бердібек Машбекұлы өз мойнына алды. Жарғақ құлағы жастыққа тимей Президентке, Үкімет басшысына тікелей бірнеше мәрте кіріп, мәселелерімізді шешіп беріп отырды. Соның арқасында мыңдаған адамның өміріне араша болған вакцинаны мерзімінде шығардық. Мен жақында ол кісіге барып, «Беке, зейнеткерлікке шықтыңыз, сіз бізге керексіз, Акционер қоғамның директорлар кеңесіне мүше болып келіңіз» дегенімде, «рахмет, ойланып көрейін» деп еді. Бірақ сол күнге жете алмады», – деп толғаныспен сөйледі.

Дара тұлғаның жүріп өткен жолының өзі бір құнды тарих. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосқан, туған еліне, жеріне, халқына адал еңбек еткен, көпке қадірлі пайым-парасаты мол, тумысынан турашыл, әділдікке жанашыр дара тұлғаның өмір жолына тәуелсіз Қазақстанның өскелең жастары қанығып, елжандылық қасиеттерін бойына сіңіріп өссе құба-құп.

Бердібек Машбекұлындай азаматтың шын мәніндегі бет-бейнесін, адами қасиеттерін, іскерлігін кейінгі ұрпаққа барынша шынайы жеткізу, қызметтес болған азаматтардың парызы деп есептеймін.

Бар ғұмырын елінің бірлігін сақтап, тәуелсіз Қазақстанды көркейтуге арнаған Бердібек Машбекұлының есімі қазақ халқының тарихында алтын әріппен жазылып, ел жүрегінде мәңгі сақталары анық.

Өсиеттей өлмейтін сөзі де, өшпейтін ісі де соңында қалған Бердібек Машбекұлы шын мәнінде бақытты адам. Қандай заман, қандай қоғам болса да қанша уақыт өтсе де алыптар аласармайды. Олардың асқақ тұлғасы биіктей бермек.

Бақыт НҰРТАЗАЕВ,
«Құрмет» орденінің иегері,
Жаңақорған ауданының
Құрметті азаматы

БЕРЛИНДЕ ӨТКЕН ТҰСАУКЕСЕР



Қыстың алғашқы күнінде Берлин қаласында неміс-қазақ қоғамының кезекті отырысы болды. Онда Берлиннің «Wostok» баспасы шығарған «Мұстафа Шоқай: «Ұлт бостандығы – ұлттық рухтың жемісі» атты неміс тіліндегі кітаптың тұсаукесері өтті. Кітапта Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Мұстафа Шоқай ғылыми орталығынан алынған материалдар негізінде Түркістанның азаттығы үшін күрескен қайраткер туралы мол мағлұматтар қамтылған. Сондай-ақ жинаққа Бақыт Садықованың «Мұстафа Шоқай» және Мария Шоқайдың «Менің Мұстафам» атты еңбектері енген.

Отырысты неміс-қазақ қоғамының төрағасы Томас Хельм ашты. Бұдан кейін осы іс-шараға арнайы шақырылған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Мұстафа Шоқай ғылыми орталығының ғылыми жетекшісі, саяси ғылымдар докторы, профессор Ә.Бәкір мен Астана қаласы №51 мектеп-гимназиядағы Мұстафа Шоқай музейінің меңгерушісі С.Сексембаева, штаттан тыс тілші, доктор Биргит Брауэр және аудармашы, «Wostok» баспасының қызметкері Бритта Волленвебер сөз сөйлеп, баяндама жасады.

Мұстафа Шоқай «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымын басқарып, Украина, Кавказ, Еділ, Орал елдері эмигранттарын біріктірген «Прометей» ұйымына қатыса отырып, Түркістан аймағы мен түркі жұртының азаттығы, тәуелсіздігі үшін күресті. Ол Ыстамбұл, Париж, Берлин, Варшава, т.б. қалаларда жасаған баяндамалары мен түрлі басылымда жарияланған мақалаларында патшалық Ресейдің, соның саяси жалғасындай болған кеңестік биліктің түркі халықтарына жасаған озбыр саясатын барынша сынады. Тәуелсіздікке жетудің жолдары мен амалдарын саралаған сұңғыла стратег, тамаша тактик кеңестік жүйенің тым күшті екенін, сондықтан Түркістан ұлттық ұйымының бір міндеті басқа халықтардың ұлттық орталықтарымен тығыз байланыс жасау мәселесін жан-жақты қарастырған болатын.

Профессор Ә.Бәкір «Әлемге танылған тұлға» тақырыбындағы баяндамасында Мұстафа Шоқайдың өмір жолына тоқталып, оның адами болмысы мен қайраткерлігін тілге тиек етті.

– Мұстафа Шоқай Ресейді орыстардың Отаны ретінде емес, патшалық билік пен кеңестік жүйенің орталығы болғаны, ұлттық саясаттың әділетсіздігі үшін сынады. Сондай-ақ «Мен халыққа қарсы емеспін, халықты басқарып отырған басшыларға қарсы сөзбен күресудемін» немесе «Біз барлық халықты құрметтеуге тиіспіз. Мемлекет үшін бір халықтың өзге халықтан айырмасы жоқ. Географиялық жағдайымыз да Ресеймен достық және бейбіт қатынаста болуымызды талап етеді» деп жазды. Ол «ұлттық тәуелсіздік», «ұлттық мемлекет» ұғымдарын халқымыздың ауызбірлігімен тұтастықта қарады. Мұстафа Шоқай 1920-1930 жылдары негізінен орыс, француз, ағылшын, неміс, поляк және түркішағатай тілдерінде жазылған 150-дей мақаласында Англия, АҚШ, Аустрия, Германия, Италия, Жапония, Қытай, Польша, Палестина, Франция, Чехославакия, Шығыс Түркістан, т.б. елдердің сыртқы саясатына, жалпы халықаралық өмірдің өзекті мәселелеріне саяси сараптама жасады, – деді ғалым.

Астаналықтар Мұстафа Шоқайдың мәңгілік мекені – мұсылмандар бейітінде болып, гүл шоқтарын қойып, тиісті рәсімдерін жасады.

«СБ» ақпарат

AMANAT

АПТА АҒЫМЫНДА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта жаңғырту және күрделі жөндеу төңірегіндегі мәселелер өңірлік даму жөніндегі республикалық кеңестің отырысында қаралды.

Жиынға облыс әкімінің орынбасары Данияр Жаналиев, партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова, аймақтық кеңес төрағасы Қожахмет Ильясов, «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ облыстық филиалы директорының орынбасары Ерсайын Мұзафар бейнебайланыс арқылы қатысты.

ОТБАСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

«Бақытты отбасы» жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі балаларға көрсетілетін әлеуметтік көмек және олардың құқықтарын, мүмкіндіктерін іске асыруға кедергі келтіретін мәселелер жайы партияның облыстық филиалы жанындағы отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша кеңес отырысында қаралды.

Отырысқа партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова, кеңес төрағасы Райкүл Байназарова, фракция мүшесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің төрағасы Мақсұт Нәлібаев, фракция мүшесі, облыстық әкелер кеңесінің төрағасы Ержан Іскендір және кеңес мүшелері мен тиісті сала мамандары қатысты. Ерекше балаларды қоғамға тарту үшін білім беру, медициналық және әлеуметтік көмек көрсету сияқты қызметтерге қолжетімділіктің маңызы туралы талқыланды.

ЕКІ АУДАНДАҒЫ МОБИЛЬДІ ҚАБЫЛДАУ

Облыстық филиалдың мобильді қоғамдық қабылдау тобы Жалағаш ауданына қарасты Ақсу және Сырдариядағы С.Сейфуллин ауылы тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

Қос ауылда өткен қабылдауда клуб салу, елді мекенге газ құбырын тарту, ауылдың ішкі көшелерін жөндеу, мемлекеттік балабақша, тұрғын үй құрылысын салуға жер учаскелері, балаларға арналған ойын алаңы және кәсіпкерлік мақсатта несие алу, жер мәселесі, газдандыру жобасына 2024 жылға қаржы бөлу, жұмыспен қамту мәселелері көтерілді.

Сондай-ақ, қабылдауда жеке мәселелері бойынша жүгінген тұрғындарға тиісті сала өкілдері тарапынан заң аясында кеңестер мен сұрақтарға жауап берілді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ҚАЛАЙ?

«AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының депутаттық фракция отырысы өтті. Жиынға қала әкімі Асылбек Шәменов, қалалық филиал депутаттық фракциясы төрағасының орынбасары Раушан Ысқақова және фракция мүшелері мен дербес бөлім басшылары қатысты.

Қалаға қарасты іс-шараларының орындалу барысы бойынша қала әкімі баяндама жасады.

Отырыста фракция мүшелері бірқатар ұсыныс айтып, пікір білдірді.

БАЛАБАҚША ҰЖЫМЫНЫҢ АЛҒЫСЫ

Былтыр Қазалы қаласында 140 орындық «Өрімтал» балабақшасының жаңа ғимараты пайдалануға берілген болатын. Заманауи балабақша ғимаратының ауласын көркейту-көгалдандыру жұмыстары мен ерекше безендірілуін ұжым болып қолға алған. Дегенмен мұндағы тынымсыз еңбектің нәтижесін көру үшін аяқсумен жеткілікті қамтамасыз етудің маңызы зор.

Мекеме меңгерушісі Рабиға Қарымсақова аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Кәдір Ардақ Нартайұлының жеке қабылдауында болып, еккен көшеттер мен гүлдерді өсіру үшін көлік жалдап су тасып жүргендерін алға тартып, мәселенің шешілуіне ықпал жасауды сұраған.

Халық қалаулысы арық және құдық қаздырып, өтініштің орындалуына ықпал жасады. Мұнан бөлек аталған ғимараттың жылу мәселесіне орай туындаған шаруаны да шешіп, ұжымның алғысына бөленді.

ПАРТИЯ АЛАҢДАРЫНДАҒЫ ҚАБЫЛДАУ

Жұмыс аптасында Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов, Сырдария ауданының әкімі Берік Сәрменбаев бекітілген кестеге сәйкес партия алаңдарында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдау өткізді.

Қабылдауда азаматтар тұрғын үй, тұрақты жұмыс, көше атауын беру және жол жөндеу туралы мәселелер көтерді.

Өз кезегінде әкімдер әр тұрғынның сауалына заңды түрде жеке-жеке жауап беріп, әрбір мәселеге талқылау жасап, шешу жолдарын қарастырды. Сондай-ақ, алдағы уақытта тұрғындардың мәселелері бақылауда болатындығын айтып, тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

Ертеректе: «Құс төресі – аққу, ән төресі – «Гәкку» деген сөз болған. Иә, мұны бала күнімізде талай естігенбіз, бірақ, мән бере қоймағанымыз шындық. Аққу – әсемдік пен сұлулықтың баламасы, ал Гәкку ше?

Бұл – сонау 1936 жылдың мамыр айында Қазақстан өнерінің Мәскеудегі онкүндігінде шырқалған «Қыз Жібек» операсындағы Жібектің ариясы. Орындаған Күләш Байсейітова. Иә, Үкілі Ыбырайдың осы әнін Брусиловский Жібектің партиясына пайдаланған. Либреттосын Ғабит Мүсірепов жазыпты. «Күләш болмаса, «Гәкку» айтылмаса, онкүндікте Мәскеудің ығайы мен сығайы жиналған, Кеңес үкіметінің басшылары көрген концерт өз мақсатына жете алмас еді» дейді білетіндер. «Қыз Жібек» операсы Қазақстанның Мәскеуде өткен онкүндігінің керемет жетістігі, шырқау биігі саналған. Сталин бастаған топ Күләш «Гәккуді» аяқтай бергенде операны қайталап қоюды сұрапты.

Әкку

Фото: Ашық деректерден

Жалпы 1936 жыл өнер саласы үшін тарихи жыл болған. Осы жылы «Кеңестер Одағының Халық артисі» деген атақ шығады. Ең алғашқылардың қатарына 13 адамның бірі болып, 24 жасар Күләш Байсейітова «КСРО Халық артисі» атағын алады. Күләшті қазақ операсының негізін қалаушы еткен «Гәкку».

Бірақ әннің авторы Үкілі Ыбырай деп ешкім атай алмаған. Атауға қорыққан. Себебі, бұған дейін, яғни 1931 жылы Ыбырай атылып кеткен. Ал осы құдіретті ән қалай туды? Ол үшін әңгімені Үкілі Ыбырайдың өзінен бастауымыз керек.

Ыбырай Сандыбайұлы 1858 жылы Көкшеде дүние есігін ашты. Әкесі Сандыбай зергер адам екен. Оны кішкентайынан өз кәсібіне баули бастайды. Алайда бала Ыбырай 8 жасынан домбыраға әуес болады, 14 жасында топқа түсіп, жанынан суырып салып, өлең айтады. Арабша сауат ашып, оқып-жаза да білуге ден қояды. Осының арқасында шығыстың небір керемет қисса-дастандарын жатқа білген. 18 жасқа келгенде Ыбырай әкесінен сал-серілік жолға түсуге рұқсат сұрайды. Сандыбай баласының шын ықыласы мен дарынын білгесін, ақ батасын берген ғой.

Ыбырай сол кезеңде ел арасында атағы аспандаған Ақан серіге барып қосылады. Шамасы серінің ауылы қашық емес, 10-15 шақырымдай жерде болса керек. Бас киіміне үкінің қос қауырсынын қадаған жас жігіт ел аралап, ойын-тойдың көркіне айналады. Мынадай бір әңгіме бар: Ақансері бірде Ыбырайды Біржан салға ертіп апарып, ән салдырған. Жас жігіттің мың құбылтып салған керемет әндерін тыңдаған Біржан сал: «Енді мен Ыбырай отырған жерде ән салмаймын» депті. Сол заманның сауатты адамдарының бірі Мұхамеджан Сералин Үкілі Ыбырайды Петерборға апарып музыкалық білім алдыртқысы келген. Көреген азаматтың ондағы ойы Ыбырайды дүниежүзі мойындаған Шаляпиндей әнші жасағысы келіпті-міс.

Осы мақаланы жазарда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханаға бас сұқтым. Қолыма Ғалихан Ахметовтің «Үкілі Ыбырай» атты романы түсті. Ауыл-ауылды аралап серілік құрып жүрген Үкілі Ыбырай бірде ойын-той болып жатқан ауылдағы бір үйдің үстінен түседі. Осы оқиға жайлы жазушы кітабынан мына бір әңгіме үзіндісін жазып алғанмын: «... Қысқа ғана аман-саулықтан соң, кенеттен әнге басып жіберген. Бұл бозбала ән салмаса, тіпті жер бетін басып жүре алмайтын сияқты. Қазақ баласына тән әсем, қоңыр дауыс. Тыңдаған сайын құлаққа жағып барады. Жаққаны былай тұрсын, көңілді баурап, жүректі лүпіл қақтырғанын қайтерсің?! Хакиманың шабыты лап ете тұтанып, өзі де әнге басып жібергенін аңдамай қалғаны. Екеуі қосылып, ал келіп аңыратсын... Ғұмыр бойы екеуі қосылып әндеткендей-ақ?!

– Беу қарындас, лебізің әләмат екен! Сегіз жәннат ұжымақтың нақ төрінен жеткен сарынға ұқсаттың ғой!

Қыз ештеңе дей қоймағасын, оның жүзіне назарын мықтап салды. Әдемі-ақ екен! Нені болса да ірікпей, төтесінен айтып салатын мінезіне басып:

– Дос-жар болуға жарайтын жанбысың өзің, серіге серік боларлық қаукарың бар ма? Маған еремісің, беу құрбым? Бай-бағланның тұқымы емеспін. Шен-шекпенді көкелерім де жоқ. Батыр да, палуан да емеспін. Әуесім – ән сүйем, жыр сүйем. Арман қуған жүрегім бар. Сол жүрек шіркін өз теңін іздеп аласұрады. Теңін тапса, арман қуып мұратына жетпек...

Хакима аңырды да қалды. «Теңім екені рас емес пе? Нұрлы жүзі анау. Мейірім төккен жанары бар, бал татыған сөзі бар. Қарақан басынды қадірлейтін құрбы-құрдас ғой қыз баланың іздейтіні. Алақанға салып, мәпелеп өтемін деп тұрғандай емес пе?» Хакима осы ойларымен кідіріп тұрғанда әлгі жігіт:

– Бердің бе сертіңді, берсең жолыңа жаным құрбан, – деп сақ еткен...»

Міне, Үкілі Ыбырай мен Хакиманың кездесуі осылай басталады. Енді Ыбырай қыз ауылына келуді жиілетеді. Екі өнерпаздың көңілдері жарасқан еді. Пәк сезімнен ғажайып ән туды. Ән болғанда қандай! Өзі ақын, өзі сазгер, сал-серілердің соңғы тұяғы Ыбырайдың бұл әні ғасырдан ғасыр аттап, күні бүгінге жетіп отырған «Гәкку» болатын. Оқырманның бір кәдесіне жарар, сол «Гәккудің» мәтіні мынадай:

– Аралап талай жердің
дәмін таттым,
Құс салып айдын көлге
дабыл қақтым,
Айта алмай «Гәккуімді»
ешбір адам,
Мамырлап қоңыр қаздай
баяулаттым.
Құбылтып тоқсан түрлі
ән саламын,
Ән салсам құлашымды
кең аламын,
Түскенде сен есіме ерке Гәкку,
Құлпыртып осынау әнді
толғанамын.

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» демекші, шындығында «Гәкку» әні ешқандай әнге ұқсамайды, әсіресе, қатпар-қатпар қайырымдары толқындап келіп, иіріп әкетеді. Әрбір қатардың еш ақауы жоқ, гармониялық шебер үйлесім тапқан. Тұнып тұрған керемет ырғақ.

Әнді «Гәкку» деп неге атады екен? Себебі, ғашығын Хакима демей, Гәкку деп еркелетіпті. Бірақ, ол заманда қазақ қыздары атастырылып, сүйгенінен ажырап кете барған ғой. Өзі көрікті, өзі ақылды, бір қауым жұртты әсем әнімен бауыраған қайран Хакиманың тағдыры да осыдан аса алмаған.

Өнер зерттеушілердің пайымдауынша сазгер «Гәккудің» көп түрін шығарған. Мына ауылға келсе бір «Гәкку», ана ауылға барса басқа «Гәккуді» айтыпты. Бізге «Гәккудің» 5 түрі жеткен. 1927 жылы Сәкен Сейфуллин Көкшеге келіп, «Көкшетау» поэмасын жазарда Сәбит Мұқановты шақырып алып: «Осы төңіректе ақын, әнші-композитор Үкілі Ыбырай деген кісі бар көрінеді. Соны алдыр» дейді. Сәбит ағасының тапсырмасын орындап, Үкілі Ыбырайды алдырады. Сол кезде жетпіс жасқа келіп қалған Ыбырайдың әндерін тыңдаған Сәкен риза болып: «Әттең, жасырақ кезінде кездескенімде ғой» депті.

Айта кетуіміз керек, Үкілі Ыбырай Кеңес үкіметін мойындамаған. Жүргізген саясатының теріс жағын өлең жолдарына түсіріп, әшкерелеген көрінеді. Сол себепті үстінен арыз түсіп, абақтыға қамалған ол жоғарыда айтқандай «халық жауы» саналып, 1931 жылы атылып кетеді.

Әнші, өнер зерттеуші Ерлан Төлеутайдың айтуынша Ыбырайдың көзін көріп, кейін өмірі мен шығармашылығын зерттеп, жоғары бағалаған Сәбит Мұқанов. Мұнан соң Кәкімбек Салықов екі әнін әкеліп Қайрат Байбосыновқа береді. Жалпы Үкілі Ыбырайдың әндерін орындап, оны жалпақ жұртқа жеткізген Қазақстанның халық артисі Қайрат Байбосынов. Оның «Жиырма бес» «Сұлу Көкше», «Толқын», «Шалқыма», «Қызыл асық», «Қалдырған», тағы басқа әндері аракідік айтылып жүр.

Үкілі Ыбырай қырық шақты ән шығарған дейді. Біршамасы Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» жинағында нотаға түскен. Солардың ішіндегі шоқтығы биігі, біздің мақаламызға арқау болғаны – «Гәкку». Біраз әншілер әнді орындаған, қазір де орындап жүр. Олар – Нұржамал Үсенбаева, Ардақ Исатаева, Айгүл Қосанова, Қарақат Әбілдина, Перизат Тұрарова, Анаргүл Сенбекқызы, Ерлан Рысқали, т.б. Бірақ, Күләш Байсейітованың орындауы бөлек ғой. Күләштің «Гәккуі» алтын қорда сақтаулы.

Мақаламыздың басында тоқталғанымыздай ол – «Қыз Жібек» операсындағы Жібектің ариясы.

Енді Күләш апамыздың өмірдерегін қысқаша баяндайық: Күләш Жасынқызы (азан шақырып қойған есімі – Күлбаһарам) 1912 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында туған. Әкесі Жасын етік тігіп, домбыра тартқан. Ойын-тойда ән салған деседі. Анасының есімі – Зибажан. Кейінірек жұбайымен келіспеген Зибажан екі қызын ертіп, Алматыға келеді. Қиын кезең. Әбден тарыққан анасы Күләшті мектеп-интернатқа береді. 1929 жылы қазақ театры Қызылордадан Алматы қаласына көшкенін білеміз. Мектеп-интернаттағы көркем-өнерпаздар үйірмесінде ән салып жүрген Күләшті алғаш көрген театрдың белгілі актері Серке Қожамқұлов екен. 1930 жылы Күләш статист ретінде ең аз жалақымен театрға жұмысқа тұрыпты.

Замандастары мен оның көзін көргендерден тірнектеп естеліктер жинастырып, «Бұлбұл» атты кітап жазған журналист Сара Ләтиева мынадай бір оқиғаны келтіреді. Режиссер Жұмат Шаниннің «Шахта» деген пьесасы қойылатын болып, афишалар ілініпті. Бір күн қалғанда Зейнеп деген қыздың рөлін ойнайтын Жанбике Шанинаның тамағы ауырып, дауысы шықпай қалады. Билеттер сатылып қойылған. Енді не істеу керек, режиссер қатты сасады. Сонда Күләш:

– Ағай мен ойнайын, – дейді.

– Сен қалай ойнайсың, еш дайындығың жоқ...

– Жоқ ағай, сөздерін дайындық кезінде тыңдап жүріп, жаттап алғанмын.

– Мезансценасын білесің бе?

– Білемін.

– Онда тәуекел, кеттік, – дейді амалы таусылып тұрған режиссер. Күләш рөлді жақсы ойнап шығады. Бұл театр сахнасына алғашқы шығуы еді.

Мұнан соң, Бейімбет Майлиннің «Майдан» пьесасындағы Пүліштің бейнесін сомдайды. 1933 жылы белгілі актер-әнші Қанабек Байсейітовпен бас қосады. Осы жылы музыкалық студия ашылып, бірнеше әнші-актер драма театрдан бөлініп шығады. Арасында Күләш та бар. 1934 жылы оған «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі» атағы беріледі.

Өзінің қысқа ғұмырында 21 образ жасапты. Тұңғыш рет қазақ артистерінің ішінде симфониялық оркестрге қосылып ария орындаған да Күләш Байсейітова екен. Ол «Шұғадағы» Шұғаның, «Еңлік-Кебектегі» Еңліктің, «Айман-Шолпандағы» Айманның, «Ер Тарғындағы» Ақжүністің, «Біржан-Сарадағы» Сараның және бірнеше шетел классиктерінің операларындағы басты партияларды тыңдармандарға опера тілімен шебер жеткізген.

Күләштің бағына, жалғыз Күләш емес-ау, Қазақстандағы білім мен мәдениеттің бағына басшылыққа келген Темірбек Жүргенов орасан зор жұмыстарды қолға алады. Өнер ұжымдарының басын біріктіріп, артистер мен актерлердің, ақындар мен жазушылардың шығармашылығы мен тұрмыстық жағдайына мән береді. Жаңадан мектептер салдырып, институттар ашады. Осы күнгі Абай атындағы опера және балет театрының іргетасын қалайды. Кәсіби білімі болмаса да, Күләш Байсейітова туа біткен талантының арқасында жұлдыздай жарқырайды. «Қазақтың бұлбұлы» атанады. Темірбек Жүргенов 1936 жылғы Мәскеуде өтетін өнер онкүндігіне дайындықты өз дәрежесінде ұйымдастырады. Кеңестер Одағының астанасына музыкалық театр болып барып, Қазақтың опера театры болып, үлкен абыроймен елге оралған.

Отан соғысы жүріп жатқан жылдары Қазақстанның бірнеше өнер қайраткерлері майдан шебіне барып, жаумен қиян-кескі шайқасып жатқан әскерлердің көңіл-күйі мен рухын көтеру мақсатында концерттер берген. Күләш Байсейітова да бұл шарадан шет қалмапты. Жүк машинасымен келе жатқанда кенеттен көктен жау самолеті шыға келген. Артистер машинадан түсе орманға қарай бытырап қаша бастағанда, қорыққаннан болар Күләш немере ағасы болып келетін Манарбек Ержановтың етегінен ұстай кетеді. «Күләш-ау, бөлек қаш, ең болмаса екеуміздің біреуіміз тірі қалайық та» десе де айырылмаған. Сол күйінде қосақтаса жүгіріп бара жатады. Осы сәтте машинаға бомба түседі. Көретін жарығы бар, екеуі де аман қалыпты.

Соғыстан кейінгі жылдары Күләштің өмірінде шарықтау да, шырғалаң да кездескен. Көреалмаушылық та, қызғаныш та аз болмаған. Бұл тағдыр ғой, тәптіштеп жатпай-ақ қояйық. Бірақ Байсейітованың екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанғанын, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне депутат болғанын айту орынды шығар. Мұның үстіне Дүниежүзілік бейбітшілікті сақтау комитетінің, сондай-ақ Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің мүшесі болғанын да жаза кету артықтық етпес. Қырық бес жыл ғана өмір сүрсе де қазақтың өнер көгіне сөнбестей сәуле шашып кеткен қоғам қайраткері, бұлбұл әнші Күләш Байсейітова 1957 жылы Мәскеудің қонақ үйінде жүрек талмасынан көз жұмған.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Жүректегі жаңғырық

(толғау)

Асылдар дайын сүрлеу
жағаламас,
Алыптар жеңіл жүкті арқаламас.
Алашымның жасампаз
бейнесіндей,
Астанама құт қонған қайталанбас!

Сүйіншіден басқа жоқ
бұйымтайы,
Салтанатты хош көріп ұрандайды.
Сарыарқаның төрінде
тоғыстырып,
Сан ұлтты сағынышпен
құшақтайды!

Тұлғалар талантымен дараланар,
Тыныштық күллі әлемге
пана болар.
Татулықты ту еткен Қазақстан,
Тәуелсіздік даңқымен бағаланар!

Ақ ниетпен атады әр таңымыз,
Ақ батамен тыныстар
өр халқымыз.
Ақ жауынды аймалап
қолшатырсыз,
Ақорда шашуымен шаттанамыз!

Намыс пен нартәуекел
жымдасқанда,
Нар жолында жүк қалмас
аттанғанда.
Найзағайсыз күнің де күркіремес
Ниетімді қолдай көр Хақтағала!

Арманымыз айналды ақиқатқа
Асқақтады абырой шартарапта.
Алақаны қызғанша қол соғады
Адамзат Елордама таңғалғанда!

Еңсем биік, қашанда ниет бейбіт
Екпіндетіп бәйгеде тұлпар
құйғыт.
Ешкімге есе жібермес
көшбастарым
Еркебұлан ұрпағым олжаңды күт!

Лағыл тас көз арбайтын тереңдегі
Ләззатын сұлулықтың сезінтеді.
Лебізім бақ құсындай қалықтасын
Лайым түгенделгей өңімдегі!

Ой мен іс нәтижемен теңеседі
Ортағы көп орнымен кеңеседі.
Омырау даналыққа тән құбылыс
Отаншыл болашақпен үндеседі!

Рақым нұры жаусын төрдегіге
Ризамыз алыс-жақын тілекшіге.
Реңінен күн күлген шаһарымыз
Рәміздей еркелер ертеңіме!

Дамуға тапқыр талап жарасады
Дәмеңе мүмкіндігің жанасады
Дәйегі бұл заманның
жаңашылдық.
Дәуірдің тілін тапқан алға озады!

Астана мазмұнына балама дөп
Алтынның құймасында
жалатпа жоқ
Алақайлап ен дала, баба тарих
Аруақтар исінеді армысың деп!

Жаңа жолда жұтынып
күлімдейсің
Жер шарының жұбаныш
гүліндейсің.
Жұлқынған жаһандану мінбесінде
Жік сезсең жымдастырып
бүтіндейсің!

Атағыңа мәз болып тасынамын
Арманымдай аялап табынамын.
Ай мен Күндей үйлесім сезінгенде
Астана аруыма асығамын!

Сымбатыңа сүйсінді сәулетшілер
Сыбағаңа сұқтанды дәулеттілер
Сәттілігің тәңірдің сыйлығындай
Сертіңді бақылайды періштелер!

Ақжолтай ғасырымның
тұмарысың
Атойлап аламанда топ жарасың.
Аспандап әнұраным шырқалғанда
Арайлап атқан таңдай
құлпырасың!

Жаңабай КЕМАЛ
Арал қаласы

БАЙҚАУ

«Жұлдызым» жарқырайды

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Исатай Әбдікәрімовтің 100, халық ақыны Манап Көкенов пен Жаңақорған ауданының құрылғанына 95, «Жаңақорған тынысы» газетінің 90 жылдығын аудан жұртшылығы кең көлемде атап өтті.

Жақында Жаңақорған аудандық М.Көкенов атындағы мәдениет үйінде Сыр елінің тума таланты, әнші-композитор Мәдениет қайраткері, өнертану доценті Сауранбек Елеуовтің шығармашылығына арналған «Жұлдызым» атты II облыстық байқау өтті. Байқауды аудан әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов ашып кіріспе сөз сөйледі.

– Сауранбек Елеуовтің тырнақалды туындысы «Апатайым анашым» әнінің тұсауы Жаңақорған топырағында кесілді. Қазір 80-нен астам әні айтылып жүр, – деді ол.

Аудан әкімдігі өткен жылдан бері композитор шығармашылығын халық арасында кеңінен насихаттау мақсатында облыстық әншілер байқауын өткізіп келеді. Байқауға барлық ауданнан 17 мен 35 жас аралығындағы өнерпаздар қатысады.

Қорытынды бөлімде әнші-сазгер Сауранбек Елеуов сөз сөйледі. Ол осы байқаудың екінші рет Жаңақорған топырағында өтуіне ықыласы мен қолдауын білдірген аудан әкімі Мұрат Тілеумбетовке, аудандық мәслихат төрағасы Ғалымжан Сопыбековке, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Әбілхайыр Сыздықовқа шынайы алғысын жеткізді. Демеушілік жасаған ел ағалары Мадияр Ахметовке, Ерғабит Ильясовқа, кенттік мәдениет үйінің директоры Күланда Әбілтановаға, алматылық меценат Марат Көпешовқа ризашылығын білдірді.

Қазылар алқасының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, сазгер Рамазан Тайманов байқау қорытындысында өнер сайысына түскен әншілердің әрқайсысының орындаушылық деңгейін атап көрсетті.

– Кез келген орындаушы әнді жете түсініп, образға кіріп орындауы шарт. Осы тұрғыдан алғанда байқаудың бірінші шарты бойынша ән орындауда көп көңілінен, біздің қазылар алқасының талғамынан шыққан әншінің екінші айналымда төмен өнер көрсеткенінің куәсі болдық. Сондықтан әр әнші ән таңдауда өзінің табиғатына, даусына келетін әнді орындағаны дұрыс. Негізінен байқауда әншілерге орын тағайындауда барынша әділ болуға тырыстық. Менің бұл ойымды көңілі адал көрермендер де дұрыс бағалайды деп білемін, – деп сөзін қорытты.

Әділқазылар алқасының мүшесі, Әбсұлтан Өтепбергенов Бексұлтан Байкенжеев атындағы сыйлықты Аида Тасмағанбетоваға, Нағызхан Жаманбаев атындағы сыйлықты Айтолқын Іскендіроваға, Нұрберген Тастаев атындағы сыйлықты Айбек Саламатовқа, Жақсыгүл Бегманова атындағы сыйлықты Ақжарқын Нұрланқызына табыстады.

Қазылар алқасының мүшесі, Әлшекей атындағы өнер мектебінің мұғалімі Айгүл Өтегенова жүлделі үшінші орынмен Мейіржан Нағашыбайды, Абылайхан Байділдаевты, екінші орынмен Наргиз Ерланқызын марапаттаса, Рамазан Тайманов бірінші орын иемденген Исламхан Нағызханды марапаттады. Бас жүлдені сазгер-әнші Сауранбек Елеуов Қаршыға Базарханға табыстады. Байқауға қатысушылар алған орындарына қарай түгелдей демеушілер тағайындаған ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Ерубай ҚАЛДЫБЕК,
Мәдениет қайраткері, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы

Сағынышқа айналған жарқын кездер

Өмір соқпағының өткен шақтарын ой елегінен өткізгенде көңілді жылы шуаққа бөлеген ғанибет кездер еске түседі. Сол кезеңге деген сағыныш па, қимастық па, сезім көңілінді тербеп, өткен күндердің өрнектерін дөңгелетіп көз алдыңа әкелетіні қызық. Әсіресе жалындаған жастықтың жарқын беттері, мазмұнға толы шақты бірге өткізген бейнелер сонау артта қалған сағым белестен бері қарай қалқып шығып, жаның жадырап, жақсы сәттерді бастан кешесің.

Осындай жылы сезімге бөленуге көп жылғы жасы үлкен аға досым, әріптесім, биыл желтоқсанда жетпістің желкенін керіп, мерейлі жасқа келіп отырған Серікбаев Мұхатдам Әкпарұлы себеп болды. Оның есімімен өмірдегі жарқын сәттерім тығыз байланысты, себебі біздің еңбек жолымызда, ғылымға ден қойып, терең ізденістерге бағыт алған жолымызда бірге өткізген ортақ естеліктеріміз көп.

Сонау 1980 жылы қаңтар айында Қызылордадағы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының филиалына жұмысқа келдім. Көп ұзамай, мамыр айында Мұхатдам Әкпарұлы да филиалға құрылыс және мелиоративтік машиналар кафедрасына зертхана меңгерушісі болды. Ол бұған дейін қаладағы электр-жылу орталығы бас инженерінің орынбасары, үлкен өндірістік, өмірлік тәжірибе жинақтаған білікті маман саналатын. Осындай сауатты, іскер мамандар біздің оқу орнымызға өте қажет еді, сондықтан қатарымыздың өндірістік тәжірибесі бар білікті маманмен толыққанына қуандық.

Сол кездегі филиалдың ұстаздар ұжымындағы Бақытбек Құлтанов, Әбілда Төрешбаев, Ертуған Үмбетқұлов, Әлібек Оспанов, Дүйсенқұл Сахиев, Тыңлыбек Бажиров және мен сөз еткелі отырған Мұхатдам Әкпарұлы, т.б. аға буын азаматтармен қатар жүріп, әріптес, қызметтес және достық қарым-қатынаста болдық. Оқу орнындағы алғашқы әріптестерім – талапты, талантты, мақсатты азаматтар. Бұл кезеңнің ерекшелігі, институт бітіріп, жоғары білімді маман атанудан бөлек, ғылым жолына түсуді армандадық. Тек институт бітірумен шектеліп қалмай, қалайда аспирантураға түсіп, ғылыммен шұғылданып, өзіміздің кәсіби деңгейімізді жетілдіру, мамандығымыздың шеңберін кеңейтіп, тереңіне бойлау, биік деңгейіне қол жеткізу, кандидаттық диссертация қорғау мақсаты біз үшін бірінші орында тұрды. Жас күнімізден жоғары оқу орнында еңбек етіп бастағандағы біздің ең ізгі арманымыз да, сонымен қатар, қоғамдағы маңызды құндылық та ғылыммен айналысу еді. «Аспирантураға қалай түсеміз, кандидаттық емтихандарды қалай тапсырамыз» деген тақырыпта жиі пікірлесетінбіз. Осы жолда мақсатымызға жетуді өмірлік жоспарымызға айналдырдық. Ойымыз – сол кездегі КСРО астанасы Мәскеудің жоғары оқу орындарының аспирантурасына түсу. Сол мақсатымызға Мұхаңмен бірге жүріп қол жеткіздік.

Мұхатдам Әкпарұлы мектепте өте жақсы оқыған. Оның болашақ білімдар, кәсіби маман, ғалым болуының іргетасы сонда қаланса керек. Өзі оқыған мектептегі ұстазы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, облысымызға белгілі тәжірибелі педагог Марк Захарович Подольский оқушы Мұхаңның бойындағы қабілетті танып, болашағынан үміттенгендіктен, білімге құштар балаға барынша қолдау көрсетіп, қанаттандырып, ынталандырып отырған, оның дұрыс білім алуына ерекше мән берген.

Орта мектеп қабырғасынан қалыптасқан білімге деген құштарлық оны Қазақ политехникалық институтының энергетика факультетіне алып келді, студент атанды. Межелі уақытында Мұхатдам Әкпарұлы институтты үздік тәмамдады. Одан кейін өз мамандығына сәйкес өндіріске келіп, еңбек майданына араласты. 1976 жылдан еңбек жолын жылу орталығында бу қазандығының машинисі болып бастап, аға машинист, бу қазандығының шебері, аға шебері сатыларынан өтіп, үлкен жылу орталығы өндірістік мекемесі бас инженерінің орынбасары дәрежесіне дейін өсті. Ал 1980 жылдың мамыр айынан бастап еңбек жолы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалында жалғасқанын жоғарыда айтып өттім.

Мұхаңның осы филиал ұжымына келер алдында өмірлік серігін тауып, Қаламқас Мүсілімқызымен отау құрған қуанышына достары куә болғанын да білетінбіз.

Көп ұзатпай, ғылымға бастаған алғашқы қадамымызды жасап, Алматыда маркстік-лениндік философиядан кандидаттық емтихан тапсырдық. Сол кезде өзіміздің жерлесіміз, философ-ғалым, академик марқұм Әбдімәлік Нысанбаев ағамыздың қамқорлық жасап, көмектескенін ешуақытта ұмытпаймыз. Одан кейін шетел тілінен емтихан тапсырғанда Мұхатдам неміс тілінен кандидаттық емтихан тапсырды, себебі ол мектепте неміс тілін оқыған. Емтихан Ғылым академиясының шетел тілдері кафедрасында өтті. Шетел тілінен емтихан тапсыруда кафедра меңгерушісі, неміс ақыны И.Гётені қазақ тіліне алғашқы аударған Құрманов Медеубай Шаяхметұлы ағай тәрізді атақты ғалымдармен дидарластық, кездестік. Ендігі мақсатымыз – қалай болғанда да «целевая» аспирантураға түсу болды. Алға қойған мақсатымызға жетуге ұмтылдық. Оған жету үшін Мұхатдам Әкпарұлы 1982 жылы мамандығына сәйкес Мәскеу энергетикалық институтының аспирантурасына оқуға түсті. Ол кезде Мәскеудің кез келген оқу орнының студенті болу бір бөлек, ал аспирантурада оқу бір басқа болды. Өйткені ондағы орта тек өте терең білімді, еңбекқорлықты, ізденімпаздықты бағалайтын, мойындайтын және қажет ететін. Бұл қасиеттердің бәрі Мұхаңның бойынан табылды, ол өзінің терең, жан-жақты білімімен Мәскеудің аспирантурасына түсе алды.

Тағы бір тоқталып айтарым, аспирантураға кетерде ол кезде жас оқытушы-қызметкерлерге филиалдың материалдық-техникалық базасын көтеруге байланысты арнайы тапсырма берілетін. Мұхаңа мамандығына, тәжірибесіне сәйкес, өзі «директордың аккордтық тапсырмасы» деп қалжыңдап айтып жүретін тапсырма берілді. Ол – қазіргі екі оқу ғимаратының ортасында, яғни 1 және 3-ғимараттардың арасына трансформаторлық станция салу. Мұхатдам Әкпарұлы осы тапсырманы сәтті орындап шықты. Оқу ғимараттарын электрмен жабдықтайтын құрылғыны бір ғана зертхана меңгерушісі өзі басшылық жасап, бар мүмкіншілікті жұмылдырып, таныстарын пайдаланып, бітіріп кетті. Қазіргі жағдайда ондай құрылысты бір адамның күшімен аяқтау дегенді көзге елестету мүмкін емес.

Аспирантурадағы өміріміз ерекше өтті. Ол кезде Мәскеуде бірнеше қызылордалық азамат отбасымызбен бірге барып, пәтер жалдап тұрдық. Мұхаңның сүйікті жары Қаламқас Мүсілімқызының мамандығы – тіс дәрігері. Мәскеу тәрізді Кеңес одағының астанасында, үлкен қалада өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасу да ол кезде оңай емес еді. Оның үстіне одақтас республикадан келгендерге көзқарас та өзгешелеу болатыны жасырын емес. Дегенмен, Қаламқас өзінің білімділігінің және мықты қабілетінің арқасында тіс дәрігері болып жұмысқа тұрып, үш жыл еңбек етті. Бұл үлкен тәжірибе мектебі ретінде, мамандығын шыңдауға жақсы мүмкіндік болды. Үлкен қыздары Жанат балабақшаға баратын. Менің жұбайым Гүлсім Зікірияқызы да мәскеулік балабақшаға тәрбиеші болып жұмысқа тұрып, қызымыз Маржан сол балабақшаға барды. Біз осылай үлкен қалада өз жолымызды тауып, аспирантурада оқып әрі еңбек етіп, жарасымды тіршілікпен өмір кештік. Мәскеуде қатар оқыған азаматтар Ертуған Қожағұлұлы, Әлібек Оспанов, Дүйсенқұл Сахиев, бәріміз отбасымызбен жиі араласып тұрдық. Аспирант болсақ та елден келген үлкен ағаларымызды қуана қабылдап, қонаққа шақырып тұратынбыз.

Кеңес одағы тәрізді алып мемлекеттің астанасы Мәскеуде тұрған жылдарымыз біз үшін тек аспирантурада оқумен, ғылыми ізденістермен ғана шектеліп қалған жоқ. Біз мәдениетпен, әдебиетпен, өнермен танысуға мүмкіндік алдық, өмірлік азық болатын рухани байлық жинадық. Театр, концерт, киноларға, түрлі танымдық шараларға баруға уақыт тауып, білім, таным мен тағылым көкжиегімізді кеңейттік. Қоғамда жан-жақты белсенді өмір сүру дағдысын қалыптастырдық, өстік, жетілдік. Өзіміз сондай ынта-ықыласпен жеткен ғылыми бағытымызды меңгеруге құштарлықпен ұмтылып, уақытпен санаспай жоғары деңгейде білім алдық. Аспирантурадағы жылдарымыз – біздің ғылымға бетбұрыс жасаған, терең бағыт алған кезеңіміз.

Ол кездері Мәскеудегі жоғары оқу орындарындағы ғылыми жұмыс, ғылым, тәрбие, жалпы қоғамдық-саяси өмір ерекше еді. Аспиранттарға деген көзқарас та ерекше болатын. Ғылыми жетекшілеріміз бізді болашақ Қазақстанда жоғары білім саласында жұмыс істеуге арнайы дайындықтан өткізіп, бірнеше ғылыми-педагогикалық бағытта жұмыс істеуге мүмкіндік жасайтын. Оқуға қабылданған күннен бастап аспирантурада берілген барлық мүмкіндіктерді бос жібермей, барынша өнімді, жемісті, нәтижелі жұмыс істеуге дайын болдық. Міне, Мұхаң да сондай аспирантурада оқыды, білім алды, үлкен ғалымдардың ортасында болды, ғылыми ортамен араласты. Бұл біздің өміріміздегі ең бір ұмытылмас жарқын кездер болып қалды.

Мұхатдам Әкпарұлы аспирантурадағы оқуын аяқтағаннан кейін, көп ұзамай 1986 жылы Мәскеу энергетика институтында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Бұл былай қарағанда өте қысқа мерзімде, яғни үш жыл ішінде қорғалған кандидаттық диссертация болып саналады. Техника саласынан, қолданбалы ғылым саласынан осындай қысқа мерзімде кандидаттық диссертация қорғау жеңіл жұмыс емес. Жаңадан ойлап табатын қондырғылары бар, оны іс жүзінде сынақтан өткізу бар. Ал Мәскеу жағдайында мұны іске асыру үшін де үлкен төзім, уақыт керек. Зертханаларда сынақ жұмыстарын өткізуге қондырғыларға кезекте тұрып, жұмыс орнын, берілген уақытын барынша тиімді пайдалану керек. Біздің Мұхаң соның барлығын еңсеріп, өндірісте жинаған тәжірибесінің, білімінің, кәсіби шеберлігінің арқасында жауапты жұмысты берілген уақыт шеңберінде ойдағыдай аяқтап, үш жылда техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін иеленді. Бұл үлкен жетістік еді. Бұл Мұхатдам Әкпарұлының бойындағы терең білім, өндірістік тәжірибе, табанды мінез, мақсатқа жетуге деген үлкен талпыныс, ғылымға қызығушылықтың жемісі еді.

Аспирантураны бітіргеннен кейін қайтадан ЖГМҚИ Қызылорда филиалына құрылыс және мелиоративтік машиналар кафедрасына аға оқытушы болып келді. Бұдан кейін де белсенді жұмыс жүргізді, өте беделді ұстаз, әріптес болды. Филиалдың оқытушы-профессорлар кәсіподақ комитетінің төрағасы болып сайланды. Жалпы Мұхаң өндірісте жүрген кезінде де қоғамдық жұмысқа белсенді араласқан. 1977-1979 жылдары Қызылорда қаласы халық депутаттар кеңесінің депутаты болып, елге еңбек етіп, күнделікті қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайлар тұрғысында белсенді жұмыс жасаған. Ал филиалда кәсіподақ комитетінің төрағасы болған уақытында әріптестердің мүддесін ойлап, қолдан келгенше жан-ашырлық, қамқорлық танытты. Жыл сайын демалысқа жолдамалар, түрлі материалдық дүниелер, бағалы заттар қызметкерлерге кәсіподақ арқылы берілетін. Сондай мүмкіндікті пайдаланып, бірінші рет ұжым мүшесіне Мәскеуден автокөлік алып берген де өзі болатын. Мәскеуде өткен жоғары оқу орындарының кәсіподақ комитеттері төрағаларының жиналысына кәсіподақ басшысы ретінде қатысып, біздің жаңадан қалыптасып, аяғына тұрып келе жатқан оқу орнымыздың осы саладағы жұмыстары туралы айтып берген еді. КСРО кезінде филиал Кеңес одағы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жоғары оқу орындарын басқаратын Бас басқармасына қарайтын, басқару жүйеміз, орталығымыз Мәскеуде болатын.

Бір оқу орнында осындай дәрежеде жетістікке жетіп, теориялық білімін тереңдеткеннен кейін Мұхатдам Әкпарұлы ендігі еңбек жолын қайтадан өндіріске барып, нақты шаруашылыққа арнауға бел буды. Ғылым кандидаты, өндірістік тәжірибесі жеткілікті білікті маман келешегін үлкен мекемедегі еңбекпен байланыстыруға бет бұрды. Бұған себеп өзінің кәсіби мамандығына жақын мекемеге шақыру алғандығы болатын. Сондай шешімге келген ол 1991 жылы «Энергия» акционерлік қоғамына өндірістік-техникалық бөлімнің басшысы болып ауысты. Сонан кейін оның мол өндірістік тәжірибесі бар екенін пайдаланып, сол кездегі қаладағы «Қызылорда жылу желілері кәсіпорны» жылу жүйелері өндірісіне әуелі директордың орынбасары, ізінше директоры етіп тағайындады. 1996 жылға дейін осы үлкен мекемені басқарды. Бұдан кейін қайтадан жылу-электр орталығы директорының орынбасары қызметіне ауысып, 1997 жылға дейін осы лауазымды атқарды. Қай жерде де, қай істе де ол нағыз тәжірибеден өткен инженер, өз ісінің кәсіби маманы ретінде танылды, бағаланды. Мұндай маманға әркез сұраныс болатыны заңдылық. Кейін оны облысымыздағы мұнай компаниялары менеджерлік жұмысқа шақырды. Сол жерден уақыты келгенде зейнет демалысына шықты.

Бұрын жұмыс, қызмет деп, қолы босай бермейтін Мұхаң енді өзінің кемелденген азаматтық тұлғасымен ағайынның тіршілігіне, бірлігіне тікелей араласып, ерекше көңіл бөліп, екінші қырынан танылды. Өз заманында Әкпар әкеміздің де беделді, белсенді, елге сыйлы, ел ағасы болғанынан хабардар едік, міне Мұхаң да әке аманатын арқалап, үлгі-өнегесіне адалдықпен, ағайын-туыс алдындағы парызын абыроймен атқарып жүр. Мұхаңның ұлы Нұржан баламыз да отбасын құрды, дүниеге Әлиасқар деген немере келді, әлі де қадірлі ағамыздың ізіне ерген мұрагерлері көбейіп, қуаныштары жалғаса береді деп сенеміз. Мұхаңның жанындағы өмірлік серігі Қаламқас Мүсілімқызы да қандай сәттерде де оның қолдаушысы, үнемі жанынан табылатын адал жары, отанасы бола алды. Қазір де тектіліктің үлгісіндей болып жүрген Қаламқастың бәрінің ұйытқысы ретінде дос-жолдастардың, ағайын-туыстардың арасында беделі биік. Қаладағы білікті де білгір тіс дәрігері ретінде көпшілік жақсы біледі, таниды, сыйлайды, құрметтейді.

Бірге жүрген жақсы күндердің сағыныш пен сағымға толы жылы естелігіне арқау болған Мұхатдам Әкпарұлын аға жасы – 70-ке толған мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Қаламқас екеуіне мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, амандық-абырой тілеймін. Ұрпақтарының рахатын көріп, өмірдің барша жақсылықтарына кенеле беруді Алла нәсіп етсін!

Қылышбай БИСЕНОВ,
Қызылорда ашық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҰҒА академигі, Қазақстан Ұлттық құрылтайының мүшесі

Фото: Аянат Дүйсекеева

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ МАШАҚАТЫ КӨБЕЙДІ

Энергетика министрлігі жанындағы Отын-энергетикалық кешенінің жағдаяттық-сараптамалық орталығының дерегінше, Қазақстанда бұған дейін, яғни 24 қарашада тәулігіне 257,4 мың тонна, 25 қарашада 253,1 мың тонна мұнай мен газ конденсаты шығарылған. Ал 26 қарашада бұл көрсеткіш 214,5 мың тоннаға дейін кілт құлдырады. Артынша Қашағанмен қоса, Қайраң және Ақтоты кен орындарының мұнайы мен газын алып жатқан NCOC компаниясы да тәуліктік өндіріс көлемін бірден 38 пайызға азайтты. Бұған да сол мұнай жеткізудің тоқтауы себеп болған.

«NCOC компаниясы мұнай өндірісін 54 мыңнан 33 мыңға дейін кемітті. Бұдан бұрын, 26 қарашада ТШО компаниясы өндірісті 50 пайызға, 28 қарашада тағы 10 пайызға азайтқан болатын», – деп мәлімдеді жоғарыда аталған орталық.

Енді осы тұста бір астарлы жайт жол тосады. Желтоқсанның басынан бері Қара теңіздегі дауылдар азайды, метеоахуал біршама жақсарды. Танкерлер қатынасы қайта жолға қойылды. Соған қарамастан «Каспий құбыр консорциумы» қазақ мұнайын қабылдауды шектеп отыр. Демек, солтүстіктегі көрші белгілі бір мақсатпен үйреншікті қыспағын қайталауда.

«Каспий құбыр консорциумы» танкерлерге мұнай тиеуге 30 қарашада рұқсат етіп қойған. Компанияның кезекті сылтауы дайын: жылжымалы айлақтық қондырғы бұзылып қалғанын алға тартқан.

«Штормнан соң қалқымалы шлангтерге, жылжымалы айлақтық қондырғыларға тексерулер жүргізілді. ВПУ-3-тің сыртқы жеңінің қалқымалы шлангтерінің біріне зақым келгені анықталды. Бұған аномальды дауылдар ықпал етті. «Каспий құбыр консорциумы» қоршаған ортаны қорғау мәселесінде ымырасыз, компромиссіз позицияны ұстанады. Осы ұстанымымызға сай, сондай-ақ консорциумның Қара теңіздегі терминалының жабдықтарын пайдалануда өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, апаттық жағдайларды болдырмау, мұнайдың төгілуіне жол бермеу мақсатында, ВПУ-3 қолданыстан шығарылды», – деп түсініктеме берген компания.

Ал расында ВПУ-3-тің сыртқы жеңінің қалқымалы шлангісінің бұзылып қалғаны тек дауылдар саябырсыған соң әшкереленген. Бірақ мұнай да төгілмепті. Компания «төтенше жағдайдың туындауына түрткі болар ешқандай шарттар жоқтығына» сендірген. Алайда жап-жаңа саналатын ВПУ-3 бәрібір жұмыс істемейтін болған. Оны жөндеу мерзімі ұзара беруі мүмкін, яғни, сәйкесінше қазақ мұнайының да тасымалы тежеле бермек.

Жартылай тәуелділіктен толық тәуелділікке өту қаупі

Еліміз 2023 жылы мұнай өндірісін 89 миллион тоннаға жеткізуді жоспарлағаны белгілі. Енді дүниежүзілік нарыққа теңізбен мұнай жеткізу шектелгендіктен, «қара алтынды» амалсыз ресейлік «Транснефть» магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы құрлықпен тасымалдауға тура келуде. Бірақ оның тасымалы қымбатқа түседі, тарифі де жоғары. Оның үстіне «Транснефть» толығымен Ресейдің иелігінде. Қазақстан «Каспий құбыр консорциумының» ірі акционері саналатын. Оның акцияларының 24 пайызы Ресейге, 19 пайызы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына, 15 пайызы Шеврон Каспиан Пайплайн Консорциум Компаниге тиесілі. Егер «Транснефть» арқылы мұнай тасымалдауға көшсек, онсыз да шайқалып келген сала толығымен Мәскеуге тәуелді болып қалады.

Энергетика министрінің кеңесшісі Шыңғыс Илиясов ұсынған дерекке жүгінсек, Теңізде тәуліктік мұнай өндірісі 27 қарашада 43 мың тоннаға, 28 қарашада 44 мыңға, 29 қарашада 54 мыңға, 30 қарашада 54 мыңға, 1 желтоқсанда 59 мыңға, 2 желтоқсанда 59 мың тоннаға дейін азайды. Бұрын бұл кен орнындағы стандартты тәуліктік мұнай өндірісі 84 мың тоннаны құрайтын. Құлдырау масштабын осыдан-ақ аңғаруға болады. 3 желтоқсаннан бастап ақырындап барлық кен орындары стандартты нормаға орала бастады, әйтсе де мұнай жеткізудің машақаты әлі біраз әуреге салатындай.

Көршінің кәсіби қыспағы

Бұл мәселе сөз болғанда біз тағы бір жайтты айтқымыз келеді. Осыдан тура бір жыл бұрын Германия ресейлік мұнайды сатып алудан бас тартып, орнына Қазақстанның шикі мұнайын импорттауға ықыласты екенін мәлімдеген болатын. Геосаяси ахуалдың себеп болғаны анық. Алайда жоспардың толықтай іске аса қоймайтыны белгілі еді, өйткені еліміз мұнай тасымалдауда солтүстіктегі көршісіне тәуелді. Мұндайда қарсы тарап өз мүддесін оңай бергісі келмейді. Қанша жерден санкция салып жатқанымен, кәрі құрлық елдері мұнай мен газ тақырыбына келгенде Ресейден алысқа бара алмайды. Былтыр да солай болды, бірақ Bloomberg Германияның Экономика және климатты қорғау министрлігі Шведт пен Лойндағы мұнай өңдеу зауыттары Ресейден мұнайға тапсырыс бермейтінін, Қазақстаннан мұнай айдауға өтінімдер берілгенін жазған еді. Дегенмен Шведт қаласында орналасқан мұнай өңдеу зауыты жылына 10 миллион тоннадан астам шикі мұнайды қажет ететіні, Қазақстан осынша көлемдегі «қара алтынды» жеткізе алмайтыны тағы айтылған. Тіпті, біз жоғарыда айтып өткен «Транснефть» ресми өкілі Игорь Демин сол кезде ТАСС-қа Қазақстан өзінің мұнайын Германия бағытында айдау үшін жүгінбегенін айтқан.

«Бізде қазақтармен келіссөздер немесе қазақтардың қандай да бір жеткізу келісім-шарты жасалатыны туралы ақпарат жоқ. «Транснефть» басшысы Николай Токарев бұл техникалық жағынан мүмкін екенін айтты, бірақ транзит туралы шешімді тек Ресейдің Энергетика министрлігі қабылдай алады. Бәрібір Ресейден Германияға жеткізілген шикізат көлемін Қазақстан алмастыра алмайды», – деп кесіп айтқан Демин.

Әңгіменің ауанынан сол кезде-ақ Ресейдің қазақстандық мұнайды тасымалдауға рұқсат беретін сыңайы байқалмаған. Германияға Ресей мұнайын жеткізу жылына 19-20 миллион тоннаны құрайды, тағы 10 миллион Польшаға жеткізіледі. Ал Қазақстанның «Атырау-Самара» мұнай құбыры арқылы айдай алатын қосымша көлемі тек 3-5 млн тоннаны құрайды, сонымен қатар «құбырдың техникалық жай-күйіне» байланысты 7 млн тоннаға жетуі мүмкін. Міне, осылайша қазақстандық мұнайды тасымалдауда Ресейдің рөлі айқын сезілген, өз мүддесін оңай босатқысы келмейді. Себебі олар үшін Еуропаға тек өзінің мұнайын саудалаған тиімді. Саяси ахуалдарға қарамастан Германия сияқты елдер шикі мұнайға мұқтаж. Сондықтан тасымалдау жолы көршісіне байланған Қазақстан үшін мұнай тақырыбы машақатқа айналды. Ал басқалай жолды тез арада табу мүмкін емес.

1-бет

ШАБЫТ

Өлеңге сырын айтып, мұңын шаққан

«Алты айлығымда жүгіріп кеткен екем мен,
Мың алғыс саған тағдырым менің төтеннен.
Тас бұғау салып, төсекке таңдың тұрғызбай,
Мен байғұс, бәлкім, көбелек болып кетер ме ем», – деп келетін ақын Зейнолла Шүкіровтің көмбе кеудесінен төгілген өлең шумақтары өміршеңдігімен ерекше. Кенжегүл Маханбетова да – Зейнолламен тағдырлас өнер иесі.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»

Ол 1996 жылдан бері облыс орталығындағы №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында тұрады. Осында келгелі қалам-қағазын жанына серік етіпті. Содан бері жетпіс шақты өлең жазды. Басым бөлігін 2016 жылы «Мен бір аққу жаралы» атты кітап етіп шығарды. Он шақты өлеңіне ән жазып, оларды жергілікті әншілер орындап жүр. Талант иесі мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған байқауларда жүлделі орыннан көрініп келеді.

– Әкем ақынжанды кісі болған. Қасиет содан дарыған болу керек. Анам да – биге икемі бар, өнер адамы. Алты бауырымның ішінде өлең жазу пешенеме бұйырыпты. 1998 жылы «Өнер – жан азығы» атты облыстық фестивальдан 2-орын алдым. Жыр әлеміне алғашқы қадамым осылай басталды. Басылымдарда өлеңдерім жиі жарық көріп жүр. Түрлі шығармашылық байқауларға, кештерге қатысып келемін. Өлеңдерімнің бәрі мұңға құрылған. Қатты қуанып жазған өлеңім жоқ екен. Содан болар туындымның көбісі шынайы шығады, – дейді Кенжегүл Маханбетова.

Ол отбасының кенжесі болғасын ата-анасының ерекше ықылас-пейіліне, мейірім-шуағына бөленіп туды. Екі жарым жасында ойда-жоқта сал ауруға шалдығады. Онысын өзі дәрігерлер салғырттығынан деп біледі. Анасы 45 жасында босанғанда Кенжегүлдің денсаулығында ешқандай кінәрат болмапты. Екі жастан асқан уақытында аяқ астынан белгісіз сырқатқа кез болған.

Бойын белгісіз дерт дендеген сәбиін әке-шешесі дәрігерге қаратыпты. Арнайы жолдамамен Алматы қаласына жіберіп, олар жас сәбидің жұлынынан сарысу алған. Ақыры сол сал ауруына әкеп соқтырады. Өкінгенмен өткен іс өтті. Алайда тағдыр сынағы мұнымен толастамапты. 1993 жылы төрт жарым жыл төсекке таңылып жатқан анасы көз жұмды. 1994 жылы әкесі, одан бір жылдан соң үлкен ағасы дүние салды. Өмір ирімі осылайша оны осы орталыққа алып келді. Содан бері өлең болып өмірге өкпе-назын айтады, кейде қайратына мініп, қажырлана түседі. Өлеңнен артық досы жоқ. Сырын да айтады, мұңын да шағады.

– Мекемеде түрлі тағдыр иелері тұрмыс кешіп жатыр. Бүгінде мұнда 56 кісі тұрады. Жеті түрлі қызмет көрсетеміз. Соның ішінде төрт мезгіл тамақ, киім-кешекпен қамтамасыз етіледі медициналық, психологиялық көмек алады, – дейді мекеме директоры Раушан Ысқақова.

Жарты ғұмыры осында өткен Кенжегүл жеке баспанаға қол жеткізіп, шығармашылығын дамытуды арман-дайтынын айтады. Оны өмір өкпелеткенмен, өлең өгейсіткен жоқ.

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

Қызылорда құлпырып келеді

Қызылорда – небір өтпелі, қилы замандардың куәгері. 1818 жылы негізі қаланып Ақмешіт болған қоныстың қазақ тарихында алар орны ерекше. Сан ғасырлық мәдениетімен қоса, тарихы бар қала бейнесінде саяси, рухани мән жатыр.

Қызылорданың тарихында оның атауы бірнеше рет өзгергенін айта кеткеніміз жөн. Ең алғашқы атауы Ақмешіт 1818 жылы берілген, 1853 жылы Перовск, 1922 жылы қайтадан өз атын алса, 1925 жылы Қызылорда атауына ие болды.

1925-1929 жылдары Қазақстанның астанасы болғаны тарихтан мәлім. 1960-1970 жылдары қаламызда целлюлоза-картон, тоқылмайтын маталар, аяқ киім фабрикалары болған. Жаңадан салынған Гагарин, Титов елді мекендері арқылы қала аумағы ұлғайып, көркейе түсті.

Қызылорда облысында өсетін күрішпен қатар, түрлі дақылдар шет елдердің қызығушылығын туғызып отыр. Ежелгі Сыр бойында өмір сүрген данышпан Қорқыт атамыз, Жалаңтөс баһадүр, Әйтеке би, Жанқожа, Бұқарбай, Тоғанас батырлар мен Кеңес Одағының батыры атанған майдангерлер есімі – ел мақтанышы. Мұстафа Шоқай, Темірбек Жүргенов, Ғани Мұратбаев сияқты қазақтың біртуар ұлдары мен даңғайыр дихан Ыбырай Жақаевты дүниеге әкелген де осы қасиетті Сыр топырағы. «Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ жұртына жуық болуы керек» – деп жазған Сұлтанбек Қожанов.

Бүгінде қаланы көркейту үшін көп жұмыс атқарылып жатыр. Зәулім ғимараттармен қоса, түрлі ойын-сауық алаңдары салынды. Қызылорда ерекше кейіпке еніп келеді. Үйлер мен жолдарды айтпағанның өзінде, «Анаға тағзым», Отбасы орталығы, Өнер орталықтары алыстан көз тартады. Осыдан-ақ Қызылорданың алып құрылыс алаңына айналғанын аңғаруға болады.

Арайлым ЖАЛҒАС,
І.Қабылов атындағы №12 ІТ мектеп-лицейінің 9 «А» сынып оқушысы

БІЛІМ

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРҒАН КУРС

Арал көпсалалы колледжінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында курс өтті. Оған арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқу шеберлері қатысып, біліктілігін арттырды.

Курста «Модуль бойынша жұмыс оқу бағдарламасын әзірлеу», «Кәсіптік білім берудегі негізгі педагогикалық технологиялар» және «Өндіріс мамандарына қойылатын негізгі талаптар» тақырыбында ақпараттар айтылды.

Сонымен қатар педагогикалық мәдениет пен этиканы арттыруға, оқытудың тәсілдері мен әдістерін таңдауға, өз іс-әрекеттерінің салдарын болжауға баулыды. Қатысушыларды педагогикалық білімнің, дағдылардың тұтас жүйесімен таныстырды. Сабақты құру кезінде өз бетінше теориялық талдау дағдыларын қалыптастыруға, кәсіптік және жалпы құзыреттерді игеруге арналған білім беру нәтижелерін нақтылады. Жұмыс бағдарламаларының мазмұнын әзірлеу бойынша практикалық ұсынымдарға арналған материалдармен жұмыс істелді. Курсты «Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамының тренері Сапарбай Раев жүргізді.

З.ТӘЖІБАЕВА,
Арал көпсалалы колледжінің арнайы пән оқытушысы

БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМА ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛДЫ?

АӨК субъектілеріне қаржылық жүктемені төмендету мақсатында несиелер мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемені арзандату механизмі жүзеге асырылып келеді.

Осы жылдың ақпан айынан бері ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен бекітілген агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидасының сыйақы мөлшерлемелерінің субсидиялау нормативі өзгертілді.

Жаңадан қабылданған қағиданың 4-тармағына сәйкес субсидиялау мынадай қарыз шарттары бойынша жүзеге асырылады:

1) ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықтарды, ауыл шаруашылығы жануарларын, негізгі құралдарды сатып алуға, құрылыс салуға (ұн, минералдық сулар және алкогольсіз сусындар өндіретін негізгі құралдарды сатып алу қарыздарын қоспағанда) арналған;

2) өндірістік процестің технологиялық циклі үшін қажетті айналым қаражатын толықтыруға арналған;

3) көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған.

Осы бағытта көрсетілген қарыз шарттары бойынша субсидиялау Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі мен жылдық 7,5 пайыздық теңгемен жиынтық көрінісі ретінде есептелген номиналды сыйақыдан аспайтын мөлшерлемеде жүзеге асырылады.

Ұсынысты қарастыру кезінде қарыз шарты жасалып жатқан сәтте қолданыста болған Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі қолданылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігіндегі 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген және 2022 жылғы 25 қаңтардан бастап жасалған қарыз шарттары бойынша қарыз алушы номиналды сыйақы мөлшерлемесінің 6%-ын төлейді, Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі мен жылдық 7,5 пайыздық және қарыз алушының теңгемен төлеген 6% сомасы арасындағы айырманың нәтижесінде алынған номиналды сыйақы мөлшерлемесінің қалған бөлігі мемлекеттік бюджеттен субсидияланады.

Биыл жергілікті бюджеттен 2,8 млрд теңге бөлінген, есепті кезеңде 2,7 млрд теңге қаржысы игерілді.

Жалпы бағдарламаға 228 қарыз шарты негізінде 213 АӨК субъектісі қатысты.

Атап айтқанда, 201 қарыз шарты негізінде ауыл шаруашылығы жануарларын, құрылыс, техника мен технологиялық жабдықтарын сатып алуға, 27 қарыз шарты негізінде өндірістік процестің технологиялық циклі үшін қажетті айналым қаражатын толықтыруға жұмсалды.

Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялардың өсуін қамтамасыз етуге әсер етті. Нәтижесінде несие алған шаруашылық құрылымдардың қаржылық жағдайын жақсартуға мемлекеттен едәуір көмек көрсетілді. Сонымен қатар, өндірісті жолға қойып, шығарылатын өнімнің көлемін арттыруға ықпал етті.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

БРИФИНГ

Қызылорда облысының волонтерлер фронт-офисі жыл басынан бері волонтерлік бағытта 150 шара ұйымдастырып, оған 3500-ге жуық волонтер тартылған. «Qamqor», «Taza alem», «Asyl mura», «Sabaqtastyq», «Bilim», «Umit», «Saulyq», «Media» бағыты бойынша, «Ayala», тағы басқа да түрлі бағытта жан-жақты көмек беріп келеді.

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Халықаралық волонтерлер күніне орай өңірде атқарылған шаралар бойынша өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық Жастар ресурстық орталығының жастармен жұмыс жасау бөлімінің басшысы Шыңғыс Нүрекеш пен облыстық «Волонтерлер фронт-офисінің» жетекшісі Болатбек Айтбенбетов айтты.

– Республикалық волонтерлер фронт-офисі ұйымдастырған «Жыл волонтері» сыйлығына облыстан 20 ерікті үміткер ретінде қатысып, 2-уі «Жыл волонтері» номинациясына ие болды. Бұл – біз үшін мақтаныш. Облыстық волонтерлер фронт-офисі волонтерлері, Құрбан айт мерекесі, «Мектепке жол» акциясы, т.б көптеген қайырымды істердің басы-қасынан табылып, халықтың алғысына бөленіп келеді. Бүгінгі күні облыста 27 волонтерлік ұйым, фронт-офис жанында 2000-нан астам волонтеріміз бар, – деді Б.Айтбенбетов.

Сыр жастары да волонтерлік қызметтен шет қалмай, әрдайым жақсы істің жаршысы болып жүреді. Облыстың белсенді еріктілері бүгінде қоғамда талқыға түсіп жатқан тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы екенін білдіру мақсатында бейнеролик түсіріп, әлеуметтік желілерге жариялаған. «Ерікті болу оңай» ұранымен қысқы мейірімділік апталығы аясында Қарттар үйінде «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізді. Қарттар үйінің ауласында тазалық жұмыстары жүргізілді. Ірі сауда орталықтарында, демалыс орындарында, «Арай сити молл» сауда үйінде жергілікті ерікті өнерпаздардың қатысуымен қала тұрғындарына және қонақтарына мерекелік концерт өткізілді.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 22521 Тапсырыс №1945 Кезекші редактор **Мадияр ТӨЛЕУ**